

AQTÓǴAI AJARY

Aqtóǵai áydandyq qoǵamdyq-saiasi basylym

№28-29 (7918)

Жұма
14 шілде
2023 жыл

Gazet 1938 jylǵy 15 tamyzdan shyǵady

@ aktogai_red@mail.ru

f www.facebook.com/a.ajary.kz



Президент реформасы – өміршең өзгерістер

Түркістан қаласында өткен Ұлттық құрылтайда елдік мәселелер талқыға түсіп, ұлттық мүддеге қатысты маңызды дүниелер сөз болды. Көпшіліктің талқысына түскен ұсыныс-пікірлер маз-

Мемлекеттік нышандарды жетілдіруді тапсырды

мұны мен мән-маңызы жағынан да өте өзекті әрі сан алуан мәселелер қозғалды. Оның ішінде Құрылтайдың жұмысын жандандыру, басқа да институттармен қарым-қатынасын нығайту мәселелері қаралды. Сонымен қатар, өткен жылы ұлт ұясы – Ұлытауда өткен алғашқы құрылтайда Президенттің берген тапсырмаларының қалай жүзеге асқаны туралы есептер берілді.

Бірінші кезекте, мемлекеттік нышандарды жетілдіруді тапсырып, олардан бірегей ұлттық кодымыз айқын көрініп тұруы тиіс екенін айтты.

«Мемлекеттік нышандарды жетілдіру қажет. Қазір кез келген елдің ықпалды болуына ұлттық брендтің әсері мол. Сондықтан, оның танымалдығын арттыра түсу керек. Ол үшін бірыңғай дизайн-кодты, ортақ стандартты сақтау өте маңызды. Нышандарымыз бірегей ұлттық кодымызды нақты әрі айқын көрсетуі керек», – деді Президент.

Мемлекет басшысы алдымен аймақтардың және қалалардың таңбасының мазмұны мен пішіні әркелкілігіне қатысты қоғамда көп сын айталатынын, сол үшін оларды бірыңғай үлгіге келтіру керектігін айтты. Сонымен бірге мемлекеттік

марапаттар жүйесін халықтың жанына жақын әрі түсінікті етіп жасауды тапсырды.

Екінші кезекте Президент ұлттық тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығына тоқталды.

«Дамыған мемлекеттің бәрі толық зерттелген төл шежіресін дәріптеуге айрықша мән береді. Бұл істе ел тарихының көп томдық жинағы басты рөл атқарады. Қазақстан тарихының жаңа ғылыми ұстанымдарға сай әзірленген көп томдық жинағы әлі күнге дейін жарыққа шыққан жоқ. Өкінішке қарай, стратегиялық маңызы бар осы

мәселе тәуелсіздік жылдарында толық шешімін таппады. Сондықтан, мен «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақалада осыған арнайы тоқталдым. Қазақстанның академиялық үлгідегі жаңа тарихын жазу туралы бастама көтердім. Бұл жұмысқа еліміздің жәме шетелдің бір топ ғалымдары жұмыла кірісті», – деді ол.

Нәтижесінде, ежелгі заманнан бүгінге дейінгі аралықты қамтитын жеті томдық жинақ әзірленген. Жиналған материалға енді стилистикалық және ғылыми редакция жасалуы керектігін айтқан президент, жинақты бірыңғай үлгіде безендіруді және еңбекте осыған дейін жіберілген тұжырымдамалық қателіктер мен кемшіліктер қайталанбауын, оған соңғы кезде ашылған тарихи жаңалықтарды түгел енгізуді тапсырды.

Сондай-ақ, төл тарихымызда ерекше орны бар тұлғалардың бірыңғай тізімін әзірлеуді тапсырды. Бұл орайда онмәстика саласын тәртіпке келтіру маңыздылығына тоқталып, ұлттық құндылықтарды дәріптеу мәселесін қозғады.

Е.Жұмағұлов,

Қошқар ЖОББ мектеп директоры.

Халық үніне құлақ асатын мемлекет

Ауыл ахуалымен танысты

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» немесе «Естуші мемлекет» – бұл тұжырымдаманы 2019 жылы 2 қыркүйекте ел Президенті Қ.Тоқаев өз Жолдауында айтқан болатын.

«Азаматтардың, халықтың барлық өтініш-тілектерін жедел түрде әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – барлығымызға ортақ міндет. Би-

азаматтардың арасындағы қарым-қатынас бір жүйеге келіп, еліміздің әрбір азаматының үнін еститін мемлекеттік аппарат қалыптасып келеді.

«Естуші мемлекетте» ең басты орында халықтың мүддесі тұрады, мемлекеттік органдар мен қоғам арасындағы өзара қарым-қатынас механизмі қалыптасқан болуы тиіс. Аталмыш тұжырымдаманың басты мақсаты – ол азаматтардың өтініш-



лік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы ғана қазіргі ғәсәсия ахуалға бейімделген үйлесімді мемлекет қалыптастыруға болады. Сондықтан, азаматтық қоғамға қолдау көрсетіп, оның әлуетін нығайта түсу керек. Сондай-ақ, аса маңызды жалпы мемлекеттік міндеттерді шешу үшін талқылау жұмыстарына азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін кенінен қолдану қажет» делінген Жолдауда.

Осы тұжырымдаманың арқасында билік пен қоғамның арасындағы алшақтық, мемлекеттік органдар мен қарапайым

тілектерін жинап, қарастыруға ғана емес, сол өтініштердегі мәселелерді шешу үшін азаматтардың өзін іске тарту және болашақта сол олқылықтардың болмауы үшін шаралар қолдану.

«Біз цифрлармен, фактілермен, іс-әрекеттермен сендіре отырып, азаматтардың сынына және сындарлы ұсыныстарына жедел ден қоя отырып, олардың сенімін қалпына келтіруіміз керек», – деп атап өткен еді Президент.

Мемлекет басшысының осынау пәр-
(Жалғасы 2-бетте).



Президент реформасы – өміршең өзгерістер

Түркістандағы құрылтайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар тапсырмалар берді.

Онда Мемлекет басшысы ұрпақ тәрбиесінің маңызды екенін айтты. Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы қажеттігін айтқан ол ұлттың жаңа болмысы білім, ғылым және мәдениет саласын дамыту арқылы қалыптасатынын атап өтті.

Жастарды жақсылыққа жетелеуіміз керек

«Біз ұрпақ тәрбиесіне баса мән беріп, жастарды жақсылыққа жетелеуіміз керек. Бүгінгі интернет дәуірінде бұл онай шаруа емес. Ашығын айтсақ, қазір жас ұрпақ әлеуметтік желі арқылы тәрбие алып жатыр. Баланы дұрыс бағытқа бұрып, жол көрсетіп отырмасақ, бұл – өте қауіпті үрдіс. Ғаламтор арқылы жат діни ағымдардың құрығына түскен жастар да бар. Ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл – ең алдымен, үлкендердің кінәсі. Біз жастарды жаһандандудың қатерлі ықпалынан барынша сақтауға міндеттіміз», – деді құрылтайда.

Сонымен бірге Қасым-Жомарт Тоқаев, баланың тәрбиесіне бірінші кезекте ата-аналары жауапты екенін, одан

кейінгі тәрбие балабақша мен мектепке жүктелетінін айтты. Балаға адамгершілік қасиеттермен қатар, патриоттыққа тәрбиелудің маңыздылығына тоқталды.

«Жас ұрпақтың, әсіресе, қазіргі құбылмалы заманда сыни тұрғыдан ойлай білуі маңызды. Балаларымыздың танымы кең болуына жағдай жасауымыз қажет. Мектепте оқушылардың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін дәрістер оқытылуға тиіс. Жастар ақпаратты қорыта білуді, уақытын дұрыс пайдалануды, қаржы сауаттылығын мектеп қабырғасынан біле бастауы қажет», – деді ол.

Құрылтай бұл жай айтып, оны орындамай қоя салатын жиын емес. Сол

айтылған мәселелерді шешудің жолдарын қарастыратын, жол көрсететін орынға айналып отыр. Мәселен, басқосуда тек мәдениет, ғылым тақырыбы емес, елдің тұрмыс-тіршілігін жақсарту, жолдарды жөндеу, ауылдарды ауыз сумен қамту сияқты өзекті мәселелер де сөз болды. Халықтың күнделікті өмірін жақсарту үшін қандай жұмыстар атқарылуы керек деген проблемалар қамтылды. Өскелең ұрпақтың тәрбиесін қайтсек жақсартамыз деген мәселелер де айтылды. Әрине, ол бүгін, ертең шешіле қоя салатын шаруа емес. Оған ел болып атсалысуымыз керек.

Г.Дуанбекова,

аудандық білім бөлімі басшысының орынбасары.

Аудандық Қоғамдық кеңесте

Кеңестің кезекті отырысы

Шілде айының 12-ші жұлдызында аудан орталығындағы Мәдениет үйінде аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті екінші отырысы болып өтті. Жиынға Қоғамдық кеңеске сайланған мүшелер мен аудандық мекеме, бөлім басшылары қатысты.

Аталмыш шараны бастамас бұрын

жиынға қатысушылардың талқысына тастады.

Бұдан кейін «Ауданның ауыл шаруашылығы бөлімінің атқарып жатқан жұмыстары және көрсетілген мемлекеттік қызметтер туралы» аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының міндетін



Қоғамдық кеңестің қарауына аудан көлеміндегі өткір тұрған мәселелер ұсынылып, күн тәртібі бекітілді.

Бірінші кезекте «Аудан бойынша 2024 жылдың қыс маусымын ұйымшылдықпен өткізуге коммуналдық салаға жауапты бөлімдер мен мекемелердің қызмет көрсетуге дайындық барысы туралы» аудан әкімінің орынбасары С.Мұратұлы баяндама жасады. Мұнан кейін «Дала өрттерінің алдын алу және болдырмау шаралары бойынша аудандағы шаруа қожалықтарына профилактикалық түсіндірме жұмыстарын жүргізу» бойынша аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Е.Оңғарқұлов пен аудан әкімі аппараты құжаттама және бақылау бөлімі төтенше жағдай бойынша бас маманы Ж.Әзімбаева сөз кезегі берілді. Ақпар жасаушы қос тұлға қазіргі уақытта тілсіз жаудың алдын алу үшін жүйелі түрде жүргізіліп жатқан жұмыстар легін баяндама барысында сөзге тиек етті. Кеңес мүшелері өртті өшіруге қажетті құрал-жабдықтардың ахуалы мен аудан орталығынан шалғайда орналасқан ауылдар мен елді мекендердегі өрттің алдын алу үшін қолға алынған ілкімді істерді пысықтап сұрап, түйінді түйткілдерді

атқарушы М.Сейдахметов баяндады. М.Асқарұлы аталмыш бөлімнің жыл басынан атқарып келе жатқан жұмыстарын сандық көрсеткіштермен нақтылай келіп, алдағы қысқы мал азығын әзірлеу ісі бойынша ақпар беріп өтті. Сонымен қатар, «Жидебай ауылдық округі Үшарал елді мекеніндегі ауыз су жүйесі құрылысы бойынша атқарылған жұмыстар, көрсетілген мемлекеттік қызметтер туралы» Жидебай ауылдық округінің әкімі Д.Ұлткеев және «Ұлттық бірыңғай тестілеудің қорытындысы жөнінде» аудандық білім бөлімі басшысының орынбасары Г.Дуанбекова мін берге шығып, ақпар берді. Осылайша, Қоғамдық кеңес отырысының қарауына ұсынылған мәселелер талқыланып, біршама пысықталды. Жиын барысында Ақтоғай ауылының тұрғыны А.Боқанов үйінің апатты жағдайда тұрғанын және сол бойынша түйткілдің түйіні тарқамай тұрғанын айтып, мәселені кеңес мүшелерінің алдына көлденең қойды. Көтерілген мәселе бойынша аудан әкімінің орынбасары С.Мұратұлы тұрғынға нақты жауап берді.

Е.Мұстафин.

Ауыл ахуалымен танысты

(Соңы. Басы 1-бетте).

менін басшылыққа алған атқарушы билік өкілдері мен халық қалаулылары бұқарамен кері байланыс орнату үшін тиімді тәсілдің баршасын қолданып бағуда. Сөзіміздің дәлелі болсын, шілде айының 5-інші жұлдызында Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты А.Қалықов пен Б.Смағұлов Ақтоғай ауданына арнайы іссапармен келіп қайтты.

Ел ағалары бірінші кезекте Сарытерек ауылына ат басын тіреп, ондағы тұрғындармен жүздесті. Ауылдағы мәдениет ошағында өткен кездесуге

мәжілісмендер өз тарапынан мәселелерді шешуге атсалысатынын жеткізді.

Бұдан кейін халық қалаулылары бастаған алқалы топ аудан орталығының іргесіндегі Қараменде би ауылдық округіне қарасты Қуаныш ауылына барып, тұрғындармен кездесті. Қуаныштықтар бұрыннан өздерін толғандырып жүрген сауалдарын жолдап, қазіргі уақытта өте өткір тұрған – мектепті сақтап қалу, сырттан үйелмен тарту мәселелерін көтерді. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты А.Қалықов пен Б.Смағұлов бұл мәселені назарда ұстайтынын жеткізді. Бұқарамен өткен жиыннан кейін



аудан әкімі Р.Кәңжебеков, аудандық мәслихат төрағасы Р.Әбеуов, «Аманат» партиясының аудандық филиалының атқарушы хатшысы Т.Таукеев және сарытеректіктер қатысты. Жиын барысында тұрғындар тарапынан ауыл келешегі, жалпыға ортақ жер мәселесі және бүгінгі таңда ешқандай өндіріске жарамай қалған жүн, тері секілді төрт түлік өнімдері өндірілсе деген талап-тілектер айтылды. Мұнан кейін жуырда ғана өз жұмысын бастаған «SAQ NS» ауыл шаруашылығы кооперативіне барып, жұмыс барысымен танысып қайтты. Аталмыш шаруашылықтың жетекшісі Н.Мұхамедиев аудан көлемінде алғаш ашылып жатқан ірі жобаны таныстыру барысында бүгінгі таңда түйіні тарқамай тұрған бірнеше түйткілді депутаттардың алдына көлденең қойды. Тиісінше,

ел ағалары ауыл іргесіндегі көпірдің жай-күйімен танысып қайтты.

Осылайша, ауылдардағы ахуалды көздерімен көріп қайтқан ақ жағалылар аудандық мәдени-бос уақыт өткізу орталығында ақтоғайлықтармен кездесу өткізді. Жиынды аудан әкімі Р.Кәңжебеков тізгіндеді. Кездесуде тұрғындар қысқы мал азығын дайындау жыл өткен сайын қиындап бара жатқанын, иесі бола тұра игерілмей тұрған жерлер астында ауыл шаруашылығы көлігі бар, ынталы азаматтарға берілсе деген ұсыныс тасталды. Сонымен қатар, жоқ ауылдық мәртебесін сақтап қалу түйткілдері қозғалды. Халық қалаулылары көтерілген мәселелерді құр қалдырмайтынын, назарға алатындарын айтты.

Е.АЙТЖАН.



Астана күні тойланды

Өткен аптаның соңғы күндері барша қазақ жұрты Астана күнін тойлады. Елорда Сарыарқаның төсіне қоныстанып, Астана атанғанына да жиырма бес жыл болыпты. Айтулы күнді қызылжарайлықтар кең көлемде атап өтті.



Өткен аптаның соңғы күндері барша қазақ жұрты Астана күнін тойлады. Елорда Сарыарқаның төсіне қоныстанып, Астана атанғанына да жиырма бес жыл болыпты. Айтулы күнді қызылжарайлықтар кең көлемде атап өтті.

Жалпы, Астана күні 1998 жылдан бері тойланып келеді. Астананың қалай астана болғандығы туралы деректерден аздаған мәліметтер беріп өтсек. 1994 жылғы шілденің 6-сы күні Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің астананы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы қаулысы қабылданды. Бұдан кейін, 1997 жылы Тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың елорданы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы шешімі шықты. Көп кешікпей, 1998 жылы Ақмола қаласының аты ресми түрде Астана болып өзгертілді. Елорда мәртебесіне ие болған

қала осы уақыттан бастап туған күнін атап өтуді игі дәстүрге айналдырды.

6 шілде күні Астана қаласының 25 жылдығына орай Ақжарық клуб үйінде

облыстық конкурстардың лауреаты, Төттімбет атындағы өнер колледжінің студенті Салтанат Кеңестің «Сайра, бүлбүл!» атты шығармашылық кеші

болып өтті.

Кешті Қызылжарай ауылдық округінің әкімі Серікбол Спанов ашып, жиналған қауымды Астана күнімен құттықтады.

– Осыдан 25 жыл бұрын Қазақстанның елордасы Алматыдан Астана қаласына көшірілген болатын. Осы уақыттың ішінде Астана тәуелсіздіктің тірегі, еліміздің жүрегі екенін дәлелдеді. Біз Астанаға қарап бой түзейміз. Әрбір мемлекет өзінің елордасымен мақтанып, қуануы керек. Қазір дүниежүзінде Астананы білмейтін мемлекет жоқ десе болады. Сіздерді бүгінгі Астана күнімен құттықтаймыз! Сіздерге зор денсаулық, ұзақ өмір, отбастарыңызға құт-береке, елімізге тыныштық тілеймін, – деді Серікбол Спанов.

Ұлттық өнерді ұлықтаған маңызды шарада Салтанат Кеңеспен қоса ауыл өнерпаздары да ән-жырдан шашу шашып, мың бұралған бишілері көрерменге мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Өз тілшімізден.

Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері

Мереке шуағы

Жол қадірін жүрген біледі

«Елді мекендерді бір-бірімен байланыстырып, қайнаған тынымсыз тіршілікке нәр беріп жатқан күре жолдың қадірін, оның бейнетін өзі жүріп көрген жол жүргіншісінен артық ешкім біле қоймас, сірә? Мемлекет басшысы өзінің жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауларында аталмыш саланың индустриялық экономика мен қоғамымыздың тамырына қан жүгіртетін жүйе екенін, сапалы заманауи магистральдарсыз дамыған ел болмайтынын айтып келеді. Уақыт жылжып өткен сайын көлік пен байланыстың жаһандық қарым-қатынастар жүйесіндегі рөлі едәуір өсті. Қазіргі уақытта бұрынғы кездердегідей емес, заман талабына сай құрастырылған ауыр жүк және жолаушылар көліктерінің аудан, облыс, халықаралық қатынастағы қарқынды қозғалысы әлдеқашан есеге артқанын біз жақсы білеміз. Осыдан ақ біз жолдың шын мәнінде өмірдің өзегі, тұрмыс-тіршілігіміздің қайнар көзі екенін аңғарамыз. Әлемдегі өркениетті елдердің бірінші кезекте жол қатынасына айрықша назар аударатыны да сондықтан болар.



Барыс-келіс жақсарса, барлық саланың дамитыны айдан анық. Десе де, Ақтоғай ауданында өзекті мәселелердің бірі – сапалы жол салу. Бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыстар да жоқ емес. Биыл аталған

өңірдегі облыстық, аудандық маңыздағы жолдардың мәселесі шешіліп келеді.

Таяуда аудан әкімі Руслан Кенжебеков бастаған тиісті сала мамандары Ақсу-Аюлы-Ақтоғай бағытындағы жол жөндеу учаскесіне барып, мердігерлермен, техникалық бақылау серіктестіктерімен кездесті. Күрделі жөндеуден өтіп жатқан жолдардың сапасын бақылады. Аталмыш серіктестік өкілдерімен кездесу барысында өңір басшысы жөнделетін жол учаскелеріндегі жұмыстың сапасын

қатан қадағалап жүргізу керектігін баса айтты. Сонымен қатар, жолды салу барысында әр жақтағы учаскедегі жолдың бұзылуы және оларды қалпына келтіру керек екені ескертілді.

Ақтоғай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі басшысы Ардагер Қапашевтың айтуынша, ағымдағы жылы аудан аумағында облыстық маңыздағы Ақсу-Аюлы-Ақтоғай-Балқаш жолының 50 шақырымына жөндеу жұмысы жүргізілуде.

– Бүгінгі күні 1-ші учаскедегі «Бірлік» ЖШС-мен 8 шақырымына асфальт жабыны салынған. Жолдың екінші учаскесінде мердігер «Ритм» ЖШС. Мердігер қажетті құрал-жабдықтармен, арнайы техникалармен толық қамтылған. Жұмыс шілде айының екінші жартысында бастау алады. Міне, аудандық, облыстық маңыздағы елді мекендердегі көше жолдарын жөндеу арқылы өңірміздің әлеуетін арттыруда осындай жұмыстарды атқаруды қолға алудамыз, – дейді сала басшысы.

Расында да, «Жол қадірін жүрген біледі» дегендей, діндеген жерге жадыраған көңілмен жету – әрбір адамның мұраты. Олай болса, қалыптасқан күрделі жағдайларды тиянақты шешудің барлық мүмкіндігін қарастыру басты міндет болып қала бермек.

Думан Аманкелдіұлы.

Сала қызметкерлеріне құрмет көрсетілді

9 шілде – шаруашылығы қызметкерлерінің күні. Бұл мереке біздің елде 2019 жылдан бастап күнтізбеге еніп, аталынып өтіп келеді. Атаулы күнге орай аудан әкімі Руслан Кенжебеков «Ақтоғай-Су» ЖШС қызметкерлерін қабылдап, төл мерекелерімен құттықтады. Қабылдауда аудан әкімі алдымен ауданымыздағы аталмыш саладағы бірқатар атқарылған жұмысқа тоқталып өтті.

– Күнделікті өмірде «Су – тіршілік көзі» деп айтатын болсақ, тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз ету шаруашылығы қызметкерлеріне жүктелген. Өздеріңіздің шеберліктеріңіз бен біліктіліктеріңізді ұштастырып, қызметтік міндеттеріңізді жауапкершілікпен атқарып, су шаруашылығы саласының дамуына қосқан үлестеріңіз үшін ризашылығымды білдіремін. Мемлекет басшысы су саласын дамыту мәселелеріне көп көңіл бөліп, бірқатар стратегиялық міндеттер қойып отырса, соңғы жылдары ауданда ауыз су инфрақұрылымын дамыту бағытында бірқатар жұмыс атқарылып келеді, – деген өңір басшысы тіршілік нәрін үйлестіруде қалтқысыз қызмет етіп жүрген бір топ сала мамандарын марапаттады. Аудан әкімінің Құрмет грамотасы Абай ауылдық округінің маманы Шынарбек Әбіжанов, Қызыларай ауылының маманы Абай Абдразақов, Шабанбай би ауылының маманы Ержан Байсеркинге, сондай-ақ, аудан әкімінің Алғыс хаты апаттық қалпына келтіру тобының мамандары Ерзат Мылғалшеров пен Дарын Тәжібаевқа табысталды.

Д.Қабыл.



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Ауылдарымыз рухани жаңғырып жатыр. Кейінгі жылдары бірінен-бірі эстафета алғандай, Ауыл күнін ұйымдастырып, ата дәстүріміз бен асыл мұраларымызды жарыса насихаттауда. Бұған дейін Қарабұлақ, Қаратал секілді бірқатар ауылда аталып өткен дүбірлі той күні кеше Абай ауылында жалғасын тапты. Ауыл – иісі қазақтың қарапаңырағы, түп-тамыры десек, береке мен бірлігі жарасқан, еңселі істері өзгеге үлгі боларлық елді мекеннің төл перзенттері туған жерге тағзым ету мақсатында бас қосып, ауыл абыройын асқақтатып жатқаны қандай көрікті көрініс... Осы мақсатта игіліктің тұрағына айналған Абай ауылында ауыл тұрғындарының, жастарының, бастамасымен «Ауылым – алтын бесігім» атты Ауыл күні ұйымдастырылды.

Абай ауылы – Ақтоғай жеріндегі қазақы қаймағы бұзылмаған, бір-бірімен тату-төтті, ынтымағы мен берекесі жарасқан елді мекеннің бірі. Сондықтан болар, абайлықтардың

Ауылым – алтын бесігім

бірлігі бекем, тірлігі тиянақты. Аудан орталығынан шалғай орналасқан мұнда ілкімді істер мен ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен елді мекенді абаттандыру мақсатында көптеген жұмыстар қолға алынып келеді.



Ауыл күніне арналған шарада ауыл әкімі Қайыржан Бауыржанұлы тұрғындарды қуанышты сәтпен құттықтап, оның өткізілуіне атсалысқан азаматтарға ризашылығын білдірді.

Шараны өткізуге белсене атсалысқан бірқатар азаматтарға ауыл әкімінің Алғыс хаты табысталды. Ауыл күніне арналған тойға осы өлкенің тумалары, бүгінде еліміздің әр түкпірінде тұрып жатқан есімі елге таныс адамдар да келіп, ізгі

тілектерін жеткізді. Ауылдың Ардагерлер кеңесінің төрағасы Дүйсенбаев Әділбай ақсақал ақ батасын берді.

Сондай-ақ, 1976 жылы туған ауыл

азаматтары өз қаражаттары есебінен өздерінің мектеп бітіргендеріне 30 жыл толуына орай Абай ауылына киіз үй тарту етті.

Бұл күні ұлттық өнеріміз бен ұлттық спортымыздың бесі биік тұрды. Әсіресе, ат сүйер қауымның делебесін қоздырған аламан бөйге, құнан жарысы да, спорт жанкүйерлерін қызықтырған қазақша күрес, волейбол, жаяу жарыс сайыстары да көпшіліктің көңілінен шықты. Қас қарая жаңарған клубта өнерпаздардың концертті басталып, оның соңы би кеші мен түрлі мәдени шараға ұласты.

Айта кету керек, «Ауыл күні» деген атпен өткізіліп жатқан бұл мерекеге бюджеттен көк тиын да бөлінбейді. Барлық шығын ауыл тумаларының және демеушілердің қалтасынан шығарылып отыр. Яғни, елдің шетінде, желдің өтінде өмір сүріп жатқан ағайындар «Рухани жаңғыру» бағдарламасында айтылған міндеттерді жүзеге асыруға өз үлестерін қосып жатыр деуге толық негіз бар. Ең бастысы, мұндай мереке елдің ауызбіршілігін нығайтып, берекесін арттыра түспесе, кемімейтіні анық.

Думан Бақышев.

Ақтоғай ауданында 2023 жылдың I жартыжылдығында мемлекеттік сатып алулар бойынша атқарылған жұмыстар туралы

2023 жылға аудан бойынша тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды сатып алуға мемлекеттік сатып алудың веб-порталына 4 млрд. 165 млн. 417 мың теңгеге жылдық жоспар орналастырылып, бүгінгі күнге 2 млрд. 520 млн. 921 мың теңгеге 1207 келісім-шартқа отырды. Қалыптасқан шартты үнем – 445 млн. 364 мың теңге.

Оның ішінде:

Бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы 224 мемлекеттік сатып алу 222 млн. 504 мың теңгеге (ақпараттық есептеу орталығы, коммуналдық қызметтері, «Азаматтарға арналған үкімет» АҚ т.с.с.) жоспарланып, 140 млн. 615 мың теңгеге 179 келісім-шартқа отырды;

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілі арқылы 2006 мемлекеттік сатып алулар 1 млрд. 023 млн. 327 мың теңгеге жоспарланып, 551 млн. 165 мың теңгеге 906 келісім-шартқа отырды (өткізілмеген мемлекеттік сатып алуларды бір көзден сатып алуларды қосқанда);

Тауар биржасы арқылы 4 мемлекеттік сатып алу (мәдениет және тілдерді дамыту, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімі, Абай, Тасарал) 46 млн. 518 мың теңгеге жоспарланды;

Әлеуметтік мемлекеттік тапсырыс 5 мемлекеттік сатып алу (ішкі саясат, жұмыспен қамту бөлімдері, жастар ресурстық орталығы) 23 млн. 378 мың теңгеге жоспарланып, 23 млн. 378 мың теңгеге 5 сатып алу жарияланып, 4 млн. 375 мың теңгеге келісім 3 келісім-шартқа отырды, қалыптасқан шартты үнем – 73 мың теңге;

Негіздемелік келісім бойынша (байланыс қызметі, интернет, жанар-жағармай сатып алу) 68 мемлекеттік сатып алулар 33 млн. 544 мың теңгеге жоспарланып, 17 млн. 422 мың теңгеге 64 келісім-шартқа отырды;

Тұрғын үй сатып алу 7 мемлекеттік сатып алу 51 млн. 500 мың теңгеге жоспарланып, 45 млн. теңгеге жарияланып, 15 млн. теңгеге 2 келісім-шартқа отырды (4 тұрғын үй сатып алу бойынша 19.06.2023 жылы жарияланды, ашылу күні 19.07.2023 жыл);

Электрондық дүкен арқылы 49 мемлекеттік сатып алу 9 млн. 213 мың теңгеге жоспарланып, 5 млн. 411 мың теңгеге 30 келісім-шартқа отырды;

Конкурстар бойынша (ашық, біліктілікті алдын ала анықтау, рейтинг-балдық жүйе тәсілдері арқылы) 57 мемлекеттік сатып алу (оның ішінде аудандық ББӘ бойынша 48 конкурс, білім бөлімі бойынша 9 конкурс) 2 млрд. 755 млн. 433 мың теңгеге жоспарланып, барлығы 2 млрд. 462 млн. 516 мың теңгеге 51 конкурс жарияланып, 1 млрд. 786 млн. 933 мың теңгеге 23 келісім-шартқа отырды, қалыптасқан шартты үнем – 274 млн. 760 мың теңге.

Оның ішінде: аудандық бюджеттік бағдарлама әкімдерлері бойынша 2 млрд. 323 млн. 267 мың теңгеге 43 конкурс, 8 конкурс білім бөлімі бойынша 139 млн. 249 мың теңгеге жарияланды.

Аудан көлемінде іске асырылған ірі жобалардың мемлекеттік сатып алуларына тоқталатын болсақ:

Құрылыс жұмыстары Сарышаған кентінде 150 орындық даңғыл шынықтыру-сауықтыру кешенін салу – 841 млн. 836 мың теңгеге Жидебай ауылдық округінің Жаланау ауылына су құбыры желілерін салу 383 млн. 589 мың теңгеге жарияланып, жеңімпаздармен келісім-шартқа отырды.

Күрделі жөндеу жұмыстары бойынша Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қарабұлақ ауылдық округі, Нарманбет ауылы клуб үйі ғимаратын күрделі

жөндеу жұмысы 76 млн. 011 мың теңгеге жарияланып, жеңімпазбен келісім-шартқа отырды.

Орташа, ағымдағы жөндеу жұмыстары бойынша Шашубай кенті әкімдігінің ғимаратын ағымдағы жөндеу жұмысы – 56 млн. 250 мың теңгеге, Шашубай кентіндегі А.Құнанбаев көшесіндегі №2 көпқабатты тұрғын үйдің шатырын ағымдағы жөндеу жұмысы – 9 млн. 449 мың теңгеге, Шашубай кентіндегі Ғарышкерлер көшесіндегі №2 көпқабатты тұрғын үйдің шатырын ағымдағы жөндеу – 6 млн. 324 мың теңгеге, Шашубай кентіндегі Ғарышкерлер көшесіндегі №2 көпқабатты тұрғын үйдің шатырын ағымдағы жөндеу – 11 млн. 374 мың теңгеге, Шашубай кентінде Сейфуллин көшесіндегі №2 көпқабатты тұрғын үйдің қасбетін ағымдағы жөндеу – 13 млн. 803 мың теңгеге, Шашубай кентінде Сейфуллин көшесіндегі №1 көпқабатты тұрғын үйдің қасбетін ағымдағы жөндеу – 11 млн. 082 мың теңгеге, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы «К.Байсейітова атындағы ЖОМ базасындағы Тірек мектебі» КММ-не ағымдағы жөндеу жұмыстары – 30 млн. 678 мың теңгеге, жылу қазандықтарын ағымдағы жөндеу («Ж. Ақбай атындағы ЖББОМ»), «Абай орта мектебі», «С.Ибраев атындағы орта мектеп» КММ қазандығын шығару) – 53 млн. 033 мың теңгеге, Сарышаған кенті, Абай көшесі, №14 көппәтерлі тұрғын үйдің шатырын ағымдағы жөндеу – 11 млн. 920 мың теңгеге, Сарышаған кентінің Ынтымақ көшесіндегі үйлерді қоршау – 20 млн. 446 мың теңгеге, Сарышаған кенті, Абай көшесі, №10 көппәтерлі тұрғын үйдің шатырын ағымдағы жөндеу – 11 млн. 920 мың теңгеге, Сарышаған кенті, Мектеп көшесі, №17 көппәтерлі тұрғын үйдің шатырын ағымдағы жөндеу – 11 млн. 920 мың теңгеге, Сарышаған кенті әкім аппаратының ғимаратының сыртын ағымдағы жөндеу – 7 млн. 296 мың теңгеге, Сарышаған кенті, Абай көшесі, №22 көппәтерлі тұрғын үйдің шатырын ағымдағы жөндеу – 11 млн. 595 мың теңгеге, Ақтоғай ауылы әкімі ғимаратын ағымдағы жөндеу – 1 млн. 838 мың теңгеге, Шабанбай би әкімдігінің екі қабатты ғимаратының қасбетін ағымдағы жөндеу – 9 млн. 074 мың теңгеге, Ортадересін ауылдық клубын ағымдағы жөндеу – 4 млн. 325 мың теңгеге, Жидебай ауылдық округі әкім аппаратының жылу қазандығын қоршау – 5 млн. 333 мың теңгеге, Абай ауылдық округі әкімдігінің ғимаратын қоршау жұмыстары – 7 млн. 590 мың теңгеге, Құсақ ауылдық округі әкімдігі ғимаратының қоршауларын орнатуға – 7 млн. 287 мың теңгеге, Ортадересін әкімдігі ғимаратына қоршаулар орнату – 12 млн. 412 мың теңгеге жеңімпаздармен келісім-шартқа отырды.

Айыртас ауылдық округі, 2 қабатты 8 пәтерлі тұрғын үйге ағымдағы жөндеу жұмыстары – 39 млн. 969 мың теңге, Шашубай кенті Жағалау көшесіндегі аула аумағын абаттандыру жұмысы – 46 млн. 335 мың теңге, Шашубай кенті Жағалау, Ақбергенұлы, Ихамбаев көшелеріндегі жасыл желектерді суару құбырларын жөндеу жұмыстары – 44 млн. 340 мың теңгеге жарияланып, конкурстық рәсімдері жүргізілуде.

Абаттандыру жұмыстары бойынша Шабанбай би ауылдық округі, Шорин Шәріп көшесіне 25 дана көше шамдарын және 250кВа КТП орнату – 17 млн. 110 мың теңгеге, Шабанбай би әкімдігі ғимараты алаңын абаттандыру – 5 млн. 270 мың теңгеге, Құсақ ауылдық округі әкімдігі ғимаратының

ауласын абаттандыруға – 5 млн. 580 мың теңгеге, Құсақ ауылдық округі, Елді мекен көшесіне 20 дана көше шамдарын және КТП орнату – 14 млн. 440 мың теңгеге, Сарышаған кентінде баскетбол волейбол алаңын орнату бойынша жұмыстар – 12 млн. 714 мың теңгеге, Сарышаған кентінің Энергетик көшесі бойынша көше жарықтандыру тіректерін орнату жұмыстары – 9 млн. 730 мың теңгеге, Сарышаған кентінің Теміржол көшесінде көше жарықтандыру тіректерін орнату жұмыстары – 19 млн. 938 теңгеге, Сарышаған кентінің Теміржол көшесіндегі скверді абаттандыру жұмысы – 36 млн. 777 мың теңгеге, Шашубай кентінің С.Сейфуллин №1, Ғарышкерлер №2 көпқабатты тұрғын үйлердің аула аумағын абаттандыру бойынша жұмыс – 77 млн. 349 мың теңгеге, Ақтоғай ауылында электр беру желілерін ағымдағы жөндеу және КТП-0,4 жабдығын ауыстыру – 4 млн. 200 мың теңгеге, «Алаш алаңы» қоршауларын ағымдағы жөндеу, орындықтар мен қықс төтегі темір жәшіктерді сырлау жұмыстары – 2 млн. 656 мың теңгеге, «Менің жүрегім Ақтоғай» конструкциясын ағымдағы жөндеу жұмыстары – 1 млн. 964 мың теңгеге, Ақтоғай ауылындағы темірбетонды қоршауларды сырлау жұмыстары – 2 млн. 999 мың теңгеге, Ақтоғай ауылындағы қаңғыбас иттерді ұстайтын қоршаулар жасату – 1 млн. 374 мың теңгеге, Ақтоғай ауылындағы көкпар, ат спортының алаңдарын жаңадан жасату жұмыстары – 24 млн. 367 мың теңгеге, Сарытерек ауылдық округіне хоккей кортын орнату – 15 млн. 821 мың теңгеге, Сарытерек ауылының Ақшкөл көшесіне 18 баған орнату – 4 млн. 951 мың теңгеге, Жидебай ауылдық округі Достық, Тәуелсіздік, Қоңырат, Бейбітшілік көшелері және Сәуле ауылындағы су айдау станциясына бейнебақылау орнату жұмыстары – 7 млн. 521 мың теңгеге, Жидебай ауылдық округі, Сәуле ауылы, Достық көшесіне 30 баған КТП-мен орнату – 16 млн. 625 мың теңгеге, Жидебай ауылдық округі, Сәуле ауылы, Тәуелсіздік көшесіне 10 баған орнату – 3 млн. 392 мың теңгеге, Жидебай ауылдық округі, Ақтоғай ауданының 80 жылдығы көшесіне 10 баған орнату – 3 млн. 392 мың теңгеге, Сәуле ауылына балалар ойын алаңын орнату – 10 млн. 336 мың теңгеге, Жидебай ауылдық округі, Сәуле ауылының Қоңырат көшесіне 18 дана көше шамдары мен КТП орнатуға – 10 млн. 268 мың теңгеге, Жидебай ауылдық округі, Сәуле ауылына 164 дана анишлагтар орнатуға – 3 млн. 021 мың теңгеге, Құсақ ауылдық округі, Елді мекен көшесіне 20 дана көше шамдарын және КТП орнату – 14 млн. 440 мың теңгеге, Қошқар ауылына балалар ойын алаңын орнату – 10 млн. 336 мың теңгеге, Кежек ауылдық округі, Ақши ауылына балалар ойын алаңын орнату – 10 млн. 474 мың теңгеге, Кежек ауылдық округі, Ақши ауылы, Сарыарқа көшесіне 20 дана көше шамын орнатуға – 3 млн. 642 мың теңгеге, Қарамөңке би ауылдық округі, Ақтас ауылына балалар ойын алаңын орнату – 10 млн. 336 мың теңгеге, Қуаныш ауылына балалар ойын алаңын орнату – 10 млн. 336 мың теңгеге, Айыртас ауылдық округі, Достық және Орталық көшелеріне 20 дала шамдары мен КТП орнату – 11 млн. 946 мың теңгеге, Қарабұлақ ауылдық округі, Нарманбет ауылының көше жарықтарын ағымдағы жөндеу және 20 дана көше жарықтарын орнатуға – 10 млн. 207 мың теңгеге жарияланып, жеңімпаздармен келісім-шартқа отырды.

Жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу жү-

мыстары бойынша «Сарышаған мектеп-интернаты» КММ күрделі жөндеу бойынша ЖСҚ әзірлеу – 6 млн. 905 мың теңгеге жарияланып, жеңімпазбен келісім-шартқа отырды.

Коммуналдық сала және жолдар бойынша автомобиль жолдарын күтіп ұстау (Бектау-ата, Тасарал, Нарманбет-Айыртас, Құсақ ауылына кіреберіс жол, Абай, Қарасу, Ақтоғай-Ақжарық, Ақтоғай-Ақтас, Ақши ауылына кіреберіс жол, Балқаш-Саяқ, с.Ортадересін ауылына кіреберіс жол) – 88 млн. 104 мың теңгеге, Ақтоғай ауылының автомобиль жолдары көшелерін және тротуарларын қардан тазарту жұмыстары – 16 млн. 426 мың теңгеге, Сарытерек ауылының Ақшкөл көшесіне көтерме жол жасау – 8 млн. 036 мың теңгеге, Нарманбет-Айыртас автомобиль жолын орташа жөндеу – 189 млн. 286 мың теңгеге жарияланып, жеңімпаздармен келісім-шартқа отырды.

Ақтоғай-Шылым-Ақжарық автожолындағы су өткізгіш құбырларды ағымдағы жөндеу жұмысы – 99 млн. 358 мың теңгеге, Кежек ауылына кірме автожолындағы су өткізгіш құбырларды ағымдағы жөндеу жұмысы – 40 млн. 740 мың теңгеге, Нарманбет ауылының ауылшілілік жолын орташа жөндеу – 55 млн. 121 мың теңгеге жарияланып, жеңімпаздармен келісім-шартқа отыруда.

Сонымен қатар, бірқатар басқа да құрылыс және күрделі жөндеу жұмыстарының техникалық қадағалау қызметтері, күзет қызметтері, компьютер, ноутбук сатып алу, бейнебақылау орнату жұмыстары бойынша жеңімпаздармен келісім-шартқа отырды.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңдылықтар бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу жалғасын тауып келеді. Бөлімнің Инстаграм парақшасы арқылы 2022 жылы атқарылған жұмыстар туралы 9 қаңтар 2023 жылы, 6 сәуір 2023 жылы, 4 мамыр 2023 жылы тікелей эфир өткізіліп, ZOOM қосымшасы арқылы бейнеконференция режимінде 2 мамыр 2023 жылы, 21 маусым 2023 жылы семинар өткізілді. 10 ақпан 2023 жылы бөлімнің ұйымдастыруымен «Эрудит Астана» оқыту орталығы мамандарының қатысуымен «2023 жылы мемлекеттік сатып алу заңдылықтарына енгізілген өзгерістер» тақырыбында Ақтоғай ауылында семинар өткізіліп, 32 қатысушыға (ауылдық округ әкімдері, мемлекеттік сатып алумен айналысатын мамандар) арнайы сертификаттар берілді.

Мемлекеттік сатып алу заңдылықтарына және веб-порталына енгізілген өзгерістер туралы бөлім тарапынан барлық бюджеттік бағдарлама әкімдерлеріне хаттар жолданып, аудан әкімінің, экономика және қаржы бөлімінің ресми интернет ресурсында тоқсан сайын жарияланып отырылады. Сонымен қатар, «Aqtogai ajary» Ақтоғай аудандық газетіне жыл басынан бері аудандағы мемлекеттік сатып алу бойынша атқарылған жұмыстар жөнінде 2 рет мақала жарияланды. Бюджеттік бағдарлама әкімдерлерінің мамандары мен бухгалтерлері арасында іске қосылған әлеуметтік желі (ватсап) арқылы да түсіндірме жұмыстары үнемі жүргізілуде.

Барлық конкурстық рәсімдер уақытылы жарияланып, келісім-шартқа отыру қадағалануда. Бөлім бойынша сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмысындағы талаптарды бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 2-15-92 сәнім телефоны жұмыс жасайды.

«Ақтоғай ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ.



Балықшылар күні тойланды

Шілденің әрбір екінші әксембесінде тойланатын Балықшылар күні қармақ ұстап, ау салған ағайындар үшін асыға тосатын айтулы мереке. Айдынына ау құрып, нәпақасын теңізден айырып, күн көріп отырған балықшылар қауымының мерекесін көкіше теңіз, Балқаш көлін мекендеген Тасарал ауылы тұрғындары атап өтті.

Тасарал ауылында қолына қармақ ұстап көрмеген адам кемде-кем шығар. Олар үшін балық аулау өз алдына қыр-сыры мол, қиын да қызықты, қауіп-қатерге толы атакәсіп. Осынау байырғыдан бүгінге ұрпақ сабақтастығындай жалғасып келе жатқан көне кәсіп иелерінің көңілдерін марқайтып, бір сәт рухани демалыс сыйлау мақсатында ауыл жастарының ұйымдастыруымен өткен игілікті шараға ауылдың шаруа қожалықтары мен кәсіпкерлері демеушілік көрсетіпті.

Таң ертесімен орталық алаңнан шыққан көңілді әуен ауыл тұрғындарына ерекше бір жылулық сыйлап, мереке салтанатты жиынмен басталды. Жиынды ашқан ауыл әкімі Ерік Таткенұлы: – Тіршілігі Балқаш көлімен тығыз байланысқан ауыл халқы үшін бұл мерекенің маңызы зор. Сондай-ақ, балық шаруашылығы – ел экономикасының негізгі салаларының бірі. Міне, көк теңіздің үстінде тағдырларын тулаған толқынға тапсырып, бала-шаға қамы үшін басты бөйгеге тігетін, еңбегі ерен балықшылардың мерекесі, – деп, адал еңбектері мен жоғары кәсіби шеберліктері үшін бір топ тасаралдықтарды марапаттады.

Ауылдың жеке кәсіпкерлері Найзабай Жолданұлы, Айдар Айманұлы, Роза Касенқызы, Ернат Мылтықбайұлы және зейнетке шығып жатқан балықшы Сепен Рахымқұлұлына Тасарал ауылы әкімінің Алғыс хаты табысталды. Сондай-ақ, бұл күні 70 жасқа толып отырған Гүлсара апа мен ардагер балықшы Рашид Одақбайұлына құрмет көрсетілді.



Мұнан соң сөз алған Ақтоғай аудандық мәслихатының депутаты Октябрь Айдынбайұлы:

–Көкшулан толқынды Балқаш көлі жағалауын мекен еткен Тасарал тұрғындары төрт түліктен тысқары, ежелден балық аулау кәсіпшілігімен айналысып келеді. Кешегі ризығын теңізден айырған аға буын өкілдері бүгінде ауылдың ақылман қариялары болып ортамызда жүр. Кешегі кеңес заманында балық өндірген аға буын өзінен кейінгі бүгінгі жас ұрпаққа балық аулаудың қыр-сырын үйретіп, аманаттап кеткен. Осындай кәсібінен нәсібін айырып отырған балықшылар қауымының төл мерекесі құтты болсын! – деді.

Салтанатты шарада ауыл ақсақалдары көпшілікті мерекемен құттықтап, ақжарма ақ тілектерін арнады. Келесі кезекте ауылдағы өткен игілікті істердің дәйім басынан табылатын «Ағыбай-батыр» жеке шаруашылық

серіктестігінің директоры Найзабай Жолданұлы тасаралдық балықшыларды мерекелерімен құттықтады.

Шара соңы мерекеге арнайы шақырылған Приозерск қалалық Мәдениет үйі өнерпаздарының өуезді өндеріне ұласты. «Ән бар жерде би бар» демекші, мың бұралған биші қыздар ұйғыр, қазақ билерін билеп, жиылған көпшілікті тамсандырса, эстрадалық, халық өндерін орындаған жастарымыз тыңдарман жүрегінен

шара ауыл әкімдігінің басшылығымен көшеаралық жарысқа ұласып, жастар арасында қазақтың ұлттық спорттық ойыны арқан тартыс, кір тасын көтеру, жаяу жарыс ұйымдастырылды.

Ерлер арасында кір тасын көтеруден Ербол Жолдан 1-орын иеленсе, Нұржан Алпысбай мен Олжас Қайыпшев жүлделі екінші, үшінші орындарды өзара бөлісті. Ал, әйелдер арасында балық тазалау сайысы бойынша Роза Бейсекеева – 1-орын, Нәсіп Алибекова – 2-орын, Күләш Игілікова 3-орынды еншіледі. Ерлер арасында 1000 метрге жүгіруден Сұлтан Жолдан, әйелдер арасында 500 метрге жүгіру жарысында Дариғаш Өміршекова мәре сызығын бірінші болып қиды. Қаппен жарысқан жастар арасында Жансерік Қамидың мерейі үстем болды. Ерлер арасында 200 метрге



өнерімен жол тапты. Артынша ауыл орталығындағы тойханада дәм беріліп, Құран бағышталды.

Ертеден кешке озған мерекелік

суда жүзу сайысында Ақжол Ақжан қарсыластарынан оқ бойы озық келсе, Жансерік Қами 2-орын, Марат Рахымбаев 3-орын иегері атанды. Жігіттің қол қарымы мен білек күші сыналар қол күрестен Данияр Махмудовқа шақ келер жан болмады. Қол күрестен Оспан Аманқұл 2-орын иеленсе, Абылай Рақыш 3-орынды місе тұтты.

Иә, бұл тұста шалғайдағы шағын ауылдың бір күнін мерекеге толтырып, кәсіби мерекені жоғары деңгейде ұйымдастырған ауыл әкімі аппараты қызметкерлерінің еңбегін атап өтсек, артық емес.

Думан Қабыл

Балқаштың балығы брендке айналады

Балқаш көлінің жағасында қоныстанғандар үшін балық шаруашылығы ата кәсіпке айналған. Нәпақасын көл табанынан сүзіп, су маржанымен мақтанатын Ақтоғай ауданының бірнеше елді мекені бар. Соның бірі – Торанғалық ауылы. Осы ауылдың тұрғыны, кәсіпкер Төлеу Қадыржан өз ісін дамытып, табысты балық бренді құруды армандайды. Ол өз мақсатына «Бизнес-көшбасшылық» өңірлік кәсіпкер әйелдер марафонында жеңіске жетудің арқасында бір қадам жақындаған көрінеді.

28 жастағы кәсіпкер бизнес ашу туралы колледжде оқып жүргенде жоспарлаған. 2013 жылы Қарағанды облысында жас кәсіпкерлерге арналған бизнес-инкубаторлардың білім беру бастамашыларының бірі болған. Бірнеше рет өзінің бизнес-жобаларымен грант конкурстарына қатысып, бағын сынаған.

– Шағын бизнесімізді 2018 жылы жұбайым Дарынмен бірге бастадық. «Бастау-Бизнес» бағдарламасы бойынша курстарды бітіріп, Балқаш көлінің жағасындағы шағын дәмхананы жалға алдық. «Кәсіпкер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша мұздатқыш жабдықтар мен «Газель» автокөлігін сатып алдық, – дейді Төлеу Қадыржан.

Қадыржандар отбасы балық өнімдерін қайта өңдеп, сақтауды ойластырған. Айналым қаражатының жетіспеуіне байланысты жобаны жабуға тура келген.

Шамалы пайда әкелетін дәмханасы ғана қалған. Сонымен, өз қателіктерінен сабақ алып, кәсіпкер әрі қарай қадам басуға бел бұған. 2020 жылы ол «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы бойынша Қарағанды облысы әкімдігінің грантын жеңіп алды. Кейтеринг пен азық-түлік жеткізу қызметін ашуға және арнайы көлігін алуға 5 млн. теңге жеткілікті болған көрінеді.

Бүгінде «Жылжымалы ас үйі» жобасы Балқаш жағалауында жазғы уақытта ғана жұмыс істейді. Бірақ, үш айдан кейін тамақтандырудан бас тартқан. Себебі, тамақтанушылар азайып кеткен. Бұл қызметтің орнына пицца мен «Chef Balkhash» орамдарын жеткізу қызметін ашқан. Қазір шағын цехта Төлеудің туыстарымен бірге үш жалдамалы жұмысшы еңбек етіп жүр екен.

– Біздің азық-түлік жүк көлігіміз танымал. Жазда Балқаш көліне Қазақстаннан ғана емес, жақын шетелден

де көптеген туристер келеді. Адамдар біздің балық тағамдарымызды мақтайды. Сондықтан, тоназытқыш жабдықтарын сатып алу туралы шешім қабылдадық. Және ақша қосып өткен жылы жағалаудағы ғимаратты сатып алдық. Барлық инженерлік желілерді жөндеп, қалпына келтіру қажет. Болашақта біз «NE Dubai» кафесін ашқымыз келеді, – дейді кәсіпкер.

Айта кетейік, жақында өткен «Бизнес-көшбасшылық» өңірлік марафонында қарағандылық кәсіпкердің жеңісі болашақтағы нақты жоспарын бекітуге септігі тиген. Төлеу Қадыржан Орталық Азияның 6800 қатысушысы арасында топ-3-ке кіріп, 5 млн. теңге көлемінде грант алған. Ол жеңіп алған қаражатын бизнесті дамытуға жұмсамақшы. Оның ішінде, жергілікті балықты танымал етіп, көпшілікке әйгілемекші. Алматыда, Астанада және Қарағандыда жылжымалы ас үйі көліктерін орнатуды армандайтын кәсіпкер ең бастысы балқаштық балықты бренд ретінде қалыптастыруды жоспарлап отыр.

Нұрдос КӘРІМ.

(«Орталық Қазақстан» газетінен алынды).

Рухани жаңғыру

«Ауылым – алтын бесік» дейді халық даналығы. Көңілді күйге бөлеп, туған жердің ұлылығын ұғындырып, санаға сіндірер қанатты сөз. Осы заманға дейінгі сан толқын ұрпақтың киелі мекені, алтын ұясы, ырыстың бастауына айналған ауыл – ежелден ұлтымыздың ұйытқысы. Өйткені, жүгі нарда, қазаны теңде дәурен құрған көшпелі қазақ үшін ауылдың орны қашанда бөлек, тұғыры биік екені заңдылық. Демек, ауыл мен қазақ ажырамас егіз ұғым.

Таяуда береке мен бірлігі жарасқан Қаратал ауылының тумалары бас қосып, «Қарашаңырақ – Қараталым!» деген атаумен ауылдың 90 жылдық мерейтойын дүркіретіп өткізді. Ғасырға қадам басқан құтты мекеннің думанды мерекесі Қаратал ауылының

Қарағанды облысы мен Ақтоғай ауданының Құрметті азаматтары Сағадат Жапабайұлы мен Рымбек Жүнісұлы ақжарма тілегін арнап, ескерткішті ашты. Содан кейін ескерткіш жанына қарағай көшеттері отырғызылды.

Мерейтойлық шараның екінші бөлігі Бас-Қараталда жалғасып, мұнда өлкетанушы Тұңғышбай Мұқан ауыл тарихының кейбір мәселелері және өңірдегі ұрпақтар сабақтастығы турасында баяндама жасады. Осы бір қуанышты тұрғындармен бөліскен аудан әкімі Руслан Кенжебеков барша тойға жиналғандарды мерекесімен құттықтап, жүрекжарды лебізін білдірді. Қаратал ауылының ғасырға жуық тарихында осындағы еңбек адамдарының көрсеткен қажыр-қайраты мен еткен еңбектерінің маңызын

Бақытжан Әрінов пен Нұрдос Маратұлы ел тарихын жырлап, жергілікті жұртшылықты өлеңге қосып, жасындай жарқылдады. Ақындар айтысы көпшіліктің сезіндіргендей. Түйдек-түйдек ойларымен, терең толғауларымен тектілердің кіндігін кескен, бесігін тербеткен киелі мекенді жырға қосып, ауыл жұртының берекесін айтып, көпшіліктің көңілін көтерді. Тойдан тәберік ретінде қос ақынға арнайы қаржылай жұлде табысталды.

Қараталдың мерейтойына орай белгілі ұстаздар, өлкетанушылар мен журналистер ауыл, тарих тақырыбындағы еңбектерінің басын қосып, кітап шығару ісін қолға алған болатын. Салтанат аясында «Қарашаңырақ

бөлінген қаржы Ерлік Аумағанұлына табысталды.

Бұл күні ауыл халқы мен қонақтар ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан аламан бәйге, қазақ күресі, қол күрес, қой көтеру сынды ұлттық спорт ойындарын тамашалады, жәрмеңке ұйымдастырылды. Күн райы да ашық болып, шараның өз мәнінде өтуіне септігін тигізді. Аламан бәйгеде алдына қара салмаған Алматының Ұзынағашынан келген Серік Қазыбековтің «Құлагер» атты жүйрігі мәрені бірінші болып кесіп өтіп, 1 млн. теңгені еншілесе, екінші орынды Шет ауданы, Қайрақты ауылының тұрғыны Ернат Серікболовтың «Әдемі» атты тұлпары иеленді. Үшінші орынға Сарыобалы азаматы Әмір Төлеуханның «Көкторғай» атты



айшықты таңбасы ретінде еңселі ескерткіш ашылуынан бастау алып, дүбірлі той тау бөктерінде жалғасты. Бұл той тек Қаратал ауылы тумаларының ғана емес, жалпы аудан үшін айтулы мереке болғаны анық. Алыс-жақындағы талай ағайынның басын қосқан дүбірлі тойдың қызығын елмен бірге көріп қайтқан болатынбыз.

90 жылдық тарихы бар ауыл небір сырлар мен сындарға толы шежіре секілді. Кеңестік дәуірде 300 шаңыраққа жуықтаған Калинин, Жамбыл, Чапай колхоздары мен Кенелі

тілге тиек етіп, ауылдың аудан экономикасының дамуына қосып отырған үлесінің зор екенін атап өтті.

– Қаратал ауылының сары белінде дүбірлеп жатқан той ауылдың берекесі мен бірлігін айқындап тұр. Ауылдың іргесін сетінетпей, сәулеті мен дәулетіне өз үлестерін қосып жатқан ағайынға алғысым шексіз. Еліміздің бірлігі арта берсін! – деді Руслан Кенжебеков.

Өзіндік мол тарихы бар өңірдің тойын өткізуге атсалысқан көпшіліктің еңбегі ескерілді. Ұйымдастыру



– Қараталым!» аталған жаңа жинақ көпшілікке ұсынылды. Бұл жинақта Арқа өңіріндегі халқына құтты мекен болған, ынтымағы жарасқан Қаратал (Калинин) ауылының арғы-бергі тарихының деректері сұрыпталып, кітаптың шығуына арқау болған. Кітапта әулие бабалар, даңқты тұлғалар, туған жер тарихының тағылымы, әулетаралық естелік, деректі әңгімелер, ауыл тумаларының арнаулары, дуалы ауыз, суырып салма шешендердің сөздері оқуға, ұғынуға жеңіл болу үшін жеке-жеке тарауларға бөлініп берілген.

Жергілікті халықтың шаруашылығына пайдалану үшін Қаратал ауылының барша тұрғыны атынан «ДТ-75» тракторы тарту етілді. Ауыл тағдыры таразыға тартылған сын сағатта батыл шешім қабылдап, азаматтық бастама көтеріп, туған ауылға оралған Думан Оралұлына сый-сияпат жасалды. Сонымен бірге, ауылды құтты мекенге айналдыру үшін өз бастамаларымен қоныс аударып келген отбасының отағасы Азамат Жүнісовке әлеуметтік көмек көрсетілді. Сондай-ақ, Дәуітәлі Стамбеков атындағы мектептің материалдық базасын нығайтуға арналған қажетті керек-жарақ сатып алуға сертификат мектеп меңгерушісі Құрмет Таукееваға тапсырылды. Ауылдың көркі мен келбетін абаттандыруға арнайы

қылқұйрығы тұрақтады.

Боз кілемдегі балуандар бәсекесі талайларды тамсандырды. Спорт сүйер қауым қазақ күресінен өтетін доданы сағынып та қалыпты. 66 келі салмақта Медет Исин, 74 келіде Тілек Тоқтасынұлы бас жүлдені иеленді. Жұртшылықты «түйе балуандар» сайысы ерекше қызықтыратыны сөзсіз. Әрбір бәсеке тартысты өтті. Шеберлігімен көпшілікті таңқалдырған Ақтоғай ауданы, Қуаныш ауылының мақтанышы Еркебұлан Түсіпбаев барлық қарсыласын жеңіп, «Қарашаңырақ – Қараталым!» турнирінің «Түйе балуаны» атанды.

Сонымен қатар, Ауыл күні мерекесіне арналған ауылдас-жерлестердің қатысуымен дайындалған «Ауылым – әнім» атты концерт ұйымдастырылды. Ерекше форматта өткен ән-шашуға Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәуренбек Әрқенов, Аман Сәдуақасов, Жұмагелді Әбдіров, Мадияр Өмірғалы бастаған дүлдүлдер ауыл аспанын сырлы да сұлу әнге беледі.

«Тойдың болғанынан боладысы қызық», еңістен шауып, төске озған уақыт әп-сәтте өтті де кетті. Десе де, «Қарашаңырақ – Қараталым!» атты ауыл тойын өте жоғары деңгейде, асқан ұйымшылдықпен өткізген қараталдықтарға жұртшылық тәнті болып, алғыстарын жаудырып тарқасты.

Думан ҚАБЫЛ.



ауылының орталығы «Абыздың Қараталы» атанған берекелі жердің тарихы – еліміздің тарихы. Өйткені, тарихтың үлкен-кішісі болмайтыны заңдылық. Сондықтан, аталған той бар қазақ баласы үшін де үлкен маңызға ие. Дүбірлі тойға жиналған халықтың да қарасы қалың. Әйтеуір бәрінің жүзінен қуаныш пен таңданыстың белгісі менмұндалап тұрғанынан-ақ бұл тойға үлкен бір дайындықпен келгенін байқайсың. Ашық аспан астына елуге жуық ақшаңқан киіз үй тігіліп, арнайы сахна да құрылған. Әуелеген ән, күмбірлеген күй ойнап, үнсіз далаға жан бітіп, жаңа бір кейіпке енгендей.

«Көргені жақсы көш бастайды» дейді халық даналығы. Мерекеге орай ауылға арнайы ат басын бұрған

комиссиясының төрағасы, білім саласының үздігі Қанат Мұсаханұлы, Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы, өлкетанушы Тұңғышбай Мұқан, әнші Жұмагелді Әбдіров, Сейткамал Алтынбеков, сонымен қатар, Зәуреш Әйнекова, Сағындық Бәкіров, Орынбай Ошанов, Сембек Советұлы, Чапай Байболатовтарға ауылдастар алғысын жаудырды. Сонымен қатар, бірқатар азаматтар аудан әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хатымен марапатталды. Қариясын құрметтеген ауыл тұрғындары Тұңғышбай Мұқан ақсақалға ат мінгізіп, иығына шапан жапты.

Ауылдың торқалы тойына орай ақындар айтысы ұйымдастырылды. Айтысқа түскен ақындар

Мәдени мұра



республикалық ән байқауларының, «Шабыт» халықаралық фестивалінің жүлдегері Д.Әркенов, әнші-сазгер Қ.Сәденов, Ж.Елебеков атындағы республикалық ән байқауының жүлдегері, әнші Д.Аханов төрелік етті.

Шараның шымылдығын аудан әкімі Р.Кенжебеков құттықтау сөзімен түріп берді. Р.Айткөпұлы өнер додасында бақтарын сынға салғалы тұрған барлық қатысушыға сәттілік тіледі. Бұдан кейін сөз кезегі өнер ардагері Т.Түсіпбаевқа берілді. Сонымен қатар, ресми ашылу салтанатына А.Ахановтың баласы, айтыскер ақын М.Аханов қатысты.

Дүлдүлдер додасы екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде қатысушылар А.Ахановтың орындауындағы әндерінен 1 ән және М.Ержановтың әндерінен 1 ән орындауы тиіс болды. Ал, әділқазылар алқасының шешімімен екінші кезеңге өткен өнерпаздар А.Ахановтың орындауындағы әннен 1 ән, сондай-ақ, халық

Түстен кейін қазылар алқасының бірауыздан шешім қабылдауымен барлық қатысушы екінші кезекке өтті. Өнерпаздар Асылмұраттың ән қоржынынан екі ән орындап, бақтарын сынады. Әншінің нақышына келтіре орындайтын Шашубайдың «Ақ қайыңы», Манарбектің «Паравозы», «Құлбай бай» сынды әндерін орындап, тыңдарманның құлақ құрышын қандырды. Қазақ даласына ән болып жайылып, өмбеге асыл нұрын шашқан талантты еске алған қалың елдің көңілі өсті, мерейі тасыды.

Конкурсты қорытындылаған манарбектанушы, әнші Д.Әркенов тыңдарманға, ақтоғайлықтарға алғысын жеткізіп, аймақтық байқаудың аясын кеңейту туралы ұсынысын айтты.

– Асылмұрат ағамыз кең тынысты әнші еді. Әнші боламын деген кеудемізге асыл арман орнағанда домбырамызды құшақтап, Асылағаның үйіне барып, талай ән үйрендім. Шәкірті болып, соңынан ердім. Ән салғанда қыранша қомданып,

Ақтоғайдың аспанында ән әуелеп...


Бұдан бұрын да талай мәрте айтқан болатынбыз. Қазақ – ежелден табиғатпен ежеттес халық. Күні бұрынға ауа райын көкке қарап танып, табиғат үніне құлақ түретін болған. Сол себепті болар, қазақтың әрбір салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрпы, төл өнерінің барлығы да қоршаған ортамен тығыз байланысты. Мың сан құбылып, әуелеп шырқалған әуезді ән мен қасиетті қара домбыраның үндігінен төгілген күйді естіген кезде бірден көз алдына бетегесі мен боз жусаны самсыған сайын далада желе жортып келе жатқан қазақтың құбақан ғана тұрмысы елестейтіні тегін болмаса керек.

Осындай бекзада болмысты тал бойына сіңіріп, Атырау мен Алатау арасындағы атырапты ән мен күйге бөлеп, дегдар өнерді дәріптеп жүрген жандар қаншама? Әрқайсысы өзінің туып-өскен өлкесінің ерекшелігі мен қасиетіне қарай бір-бір өнерді еншілеп алған. Содан болу керек, ел ішінде «Арқаға барып әншімін деме, Атырауға барып күйшімін деме, Сырға барып жыршымын деме» деген тәмсіл қалған. Шынымен де, түгін тартсаң майы шығатын Арқа даласында небір дүлдүл «күміс көмей, жезтаңдай» әншілер дүниеге келіп, ел тарихында өз есімдерін алтын өріппен жазып кетті.

Тиісінше, біздің алтын құрсақты Ақтоғай да қазақтың төл өнерін, қазынасын шынға сүйреген текті тұлғалардан кенде емес. Ұшар басында Әсет, Манарбек, Күләштар тұрған өнер керуені күні бүгінге дейін жүлгесін үзбестен жалғасып келе жатыр. Және келешекте де жалғаса беретініне сенім кәміл. Сол ұлы көштің кешегісі мен бүгінгісінің ортасында дәнекер болып, үзіліп қалмауына үлкен үлес қосқан жанның бірі – Асылмұрат Аханов.

Асылмұрат ағамыз саналы ғұмырын аудан өнерін өркендетуге арнаған көпелі тұлғалардың бірегейі. Көмекейіне бұлбұл ұя салған жезтаңдай әнші. Есім-сойы иісі Қазақстанға танымал болған «Тоқырауын толқындары» халықтық ән-би ансамблінің белді мүшесі, Абайдың 150 жылдық мерейтойы мен Астананың тұсаукесерінде әуелетіп ән шырқап, халықтың қошеметі мен алғысын арқалаған аптал азамат.

Өткен жұмада ауданымыздың біртуар нар тұлғасын еске алуға және ұлттық өнерді ұлықтауға арналған Асылмұрат Аханов атындағы «Ақ қайың» аймақтық дәстүрлі әншілер байқауы болып өтті. Ән бәйгесіне Балқаш, Шет, Қарқаралы аудандарынан ат арытып келген және Ақтоғай ауданының өнерпаздары қатысты. Конкурста К.Әзірбаев, Ә.Қашаубаев атындағы



әндерінен 1 ән шырқайды.

Қойылған талап та күшті болды. Әнші орындаған әндерді нақышына келтіре шырқау қатысушыларға оңайға соқпады. Нәсердей төгіліп, жанды жадыратып, теңіздей толқытып, тебіренгіп, көңілді өсіретін әндерді салатын А.Ахановтың ән дегенде талғамы жоғары, өресі биік еді. Оның табиғи мінезі, дархан дарыны, білімі, бөлек дара болмысы тыңдарманның жүрек қылын шертетін әндерді орындауда ерекше айқындалып тұратын. Ақан, Біржан, Үкілі Ыбырай, Әсет, Шашубайлардың мектебін жалғастырып, ән өнерінде өрісін тауып, өркенін жайған тұлғаның тіршілік тініне бойлай алған туындыларын екіншісі бірі, егіздің сыңары шырқай салуы мүмкін емес. Осыдан болар, іріктеу сәтінде ән табиғатын аша алмай, тосылғандар көп болды. Алғашқы кезеңде ұзын саны 9 қатысушы үкілі домбыраларын арқалап, бірінің ізін бірі ала өз өнерлерін паш етті. Есті алған эстрададан ер қашты болған жұрт дәстүрлі өнге әбден шөліркеп қалған екен. Баршасы бір деммен ән тыңдап, баз-базда «пах» десіп, әншілерге дем білдіріп қойды. Осылайша, алғашқы кезең ұлы сәскеге дейін ұласты.


ән табиғатын ашып, айрықша орындаушы еді. Қайталанбайтын қазақтың асқақ дауысты әншісі бәріміздің жүрегіміздің төрінен орын алды, – деді Д.Әркенов.

Осылайша, өз лебізін білдірген Д.Әркенов ағамыз сөзсоңында дәстүрлі әннен шашу шашты. Сонымен қатар, Д.Аханов та сахнаға көтеріліп, тыңдарман қауымның құлақ құрышын қандырды. Бұдан бөлек, белгілі журналист Қ.Сәденов әншінің орындауында өз аузынан жазып алып, таспалаған қос бірдей өнді туыстарына табыстады.

Сонымен, А.Аханов атындағы «Ақ қайың»



дәстүрлі ән байқауының бас жүлдесі Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының студенті, Ақтоғай ауданының әншісі М.Өмірғалыға бұйырды. Ал, Т.Аяғанова атындағы арнайы жүлде С.Кеңеске (Балқаш қаласы), Б.Аханов атындағы арнайы жүлде Н.Шабановқа (Шет ауданы), Қ.Қожамбаев атындағы жүлде Қ.Төкеновке (Қарқаралы ауданы), Д.Садуақасов атындағы жүлде Ы.Алдиярға (Шет ауданы), Т.Түсіпбаев атындағы жүлде А.Шойманға (Шет ауданы) табысталды. Сондай-ақ, қос ақтоғайлық Г.Дәуренбекова мен Д.Ырысбай арнайы Алғыс хатпен марапатталды. Ал, жеке кәсіпкер М.Көкеевтің арнайы жүлдесі Шет ауданының әншісі А.Шойманға бұйырды. Шара соңында қатысушылар мен ұйымдастырушылар естелік суретке түсті.



Е.Темірханұлы.

Білім беру жүйесіндегі зайырлылықтың кейбір принциптері

Қоғамның рухани, әлеуметтік, өркениетті дамуына серпін беретін білім екендігі мәлім. Адамзат тарихында білім беру жүйесінің түрлері көп болған. Бүгінде Ата Заңын зайырлы қағидаттарға негіздеп құрылған демократиялық тәуелсіз еліміздің білім беру жүйесі зайырлы және діни сипатта екі бөлек жүйеде қарастырылады. Осы ретте білім беру жүйесін дамыту стратегиясының басты мақсаты – ұлттық білім моделін жасау. Біз зайырлы мемлекеттің негізіне ар-ождан бостандығы, діни нанымдардың теңдігі, діни конфессияларға қатысты саяси биліктің бейтараптығын жатқызамыз.

Қазіргі кезеңде заманауи білім беру жүйесіндегі зайырлылық мәселесі өзекті мәселе екендігіне ешкімнің таласы жоқ. «Зайырлылық» термині еліміздің конституциясында айқындалған болса, білім беру жүйесінде осы сипатта екені еліміздің заңнамаларымен кепілдендірілген. ҚР Конституциясының 1-бабында Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады деп көрсетілген. Осындағы «зайырлы» ұғымы дінің мемлекеттік саясаттан бөлінгендігін білдіреді. Аталмыш заңның зайырлылық туралы нормасы елдегі діни қатынастарды реттеудің конституциялық негізін құрайды. Сонымен қатар, 2011 жылы қабылданған ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының (29.12.2021ж. толықтырылды) преамбуласында «Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын, әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын растайтынын, әркімнің діни нанымдарына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретінін, ханафи бағытындағы исламның және православиелік христиандықтың халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін таңитынын, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын таңитынын негізге алады» – деп жазылуы Қазақстанның зайырлы мемлекет екендігін дәйектейді.

Өкінішке орай, бүгінде діни сауатсыздық проблемасы қоғамдағы радикалды идеялар мен жат көзқарастардың таралуына жол беретін басты себепке айналып отыр. Азаматтардың санасында радикалды идеяларға қарсы иммунитет қалыптастырып, оларға мемлекеттің зайырлылық қағидаттарын дұрыс жеткізе білу әрі халықтың дәстүрлі құндылықтарына қызығушылығын арттыру үшін діни және дінтанулық білімнің барлық деңгейлерін жете дамыту заман талабына айналған аса маңызды мәселелердің бірі саналады. Ал зайырлы қоғам дамуының басты талабы – зайырлы білімнің дамуына көңіл бөлу. Десек те, «білім берудің зайырлылық сипаты» ұғымы аталған құжаттарда анық көрініс таппағандықтан, біздің қоғамда өскелең ұрпаққа дәстүрлі адамгершілік және рухани тәрбие беру желісінде осы мәселе жиі көтеріліп отыратынын мойындауымыз керек. Ең бастысы, мемлекет зайырлы қағидаттарды басшылыққа ала отырып, қоғамда қызмет атқарып отырған барлық діндердің заң шеңберінде еркін қызмет атқаруларын және олардың заң алдындағы теңдігін қамтамасыз етеді. Осы қатарда білім беру жүйесіндегі зайырлы ұстанымды қамтамасыз етудің маңызы ерекше. Білім берудің зайырлылығы – ол білім беру жүйесінің дінин нұсқауы, талабы мен қысымынан тәуелсіз екенін және білім беру қызметінің діни бірлестіктерге бағынбайтынын білдіретін сипат. Бұл – мемлекеттің білім беру бағдарламасында діни рәсімдерді жүргізуге және дінді насихаттау мен таңуға жол берілмейді деген сөз.

Зайырлылық қағидаттары заңнамалық нормалар арқылы бекітілетіндіктен, бұл орайда алдымен заң тілімен сөйлеуге тура келеді. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның 3-бабының 4-тармағы бойынша діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиелеу

жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады. Ал ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес, білім саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарының бірі білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты болып табылады. Сонымен қатар, аталмыш заңға сәйкес білім беру ұйымдарында саяси партиялар мен діни ұйымдардың, бірлестіктердің ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметін жүргізуге, білім беру ұйымдарында нәсілдік, этностық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айрықшалықты насихаттауға, педагог қызметкерлердің білім беру үдерісін саяси үгіттеу, діни насихат жүргізу мақсатында пайдалануына тыйым салынады. Аталған ұстанымдар бірігіп отырып, еліміздегі білім беру жүйесінің зайырлылық қағидаттарын құрайды. Бұл қағидаттар білім алушылардың бостандықтары мен құқықтарын, қауіпсіздігі мен заң аясында әрекет етуін қамтамасыз ету мақсатында жасақталған. Бұл орайда ең басты назарда ұстайтын нәрсе – зайырлылық дегеніміз дінсіздік емес, ол – гуманистік құндылықтарды, соның ішінде адамның ар-ұждан және діни сенім бостандығын жүзеге асыруды қолдайтын, дүниетанымдық еркіндікті, рухани саладағы ой-сананың көптірлілігін мойындайтын, адамгершілік-өнегелілік және құқықтық құндылықтарға негізделген әмбебап жүйе. Сондықтан діни таным да зайырлы дүниетанымның бір бөлігі болып табылады. Зайырлы жүйеде діни білімге де, дінтанулық білімге де тыйым салынбайды. Керісінше, еліміздің заңнамалары аясында діни және дінтанулық білім беруге жағдай жасалған. Білім жүйесінің зайырлы сипатына сәйкес орта мектепте діни білім емес, дінтанулық білім беріледі. Ал діни білімді мектеп оқушысы өз қалауына сәйкес және ата-анасының келісімі бойынша діни бірлестіктер жанындағы сауат ашу курстарынан ала алады.

ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 3-бабының 5-тармағына назар салсақ, ешкімнің өз діни нанымдары себептері бойынша ҚР Конституциясы мен Заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бастартуға құқығы жоқ. Сондықтан осы аталған конституциялық және өзге де заңнамалық нормаларға сүйеніп отырып құрастырылған ҚР «Білім туралы» Заңының білім мекемесінің ішкі тәртібін сақтау туралы талаптары азаматтардың ар-ождан және діни сенім бостандықтарын бұзбайды, керісінше олардың заңнамалық нормаларға кең түсінікпен, ашық азаматтық тұрғыдан қарауын міндеттейді. Яғни, дәл сол бостандыққа қатысты құқықтық нормаларда оның шет-шеті де айқын көрсетілгенін түсіну керек. Сол секілді ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 3-бабының 8-тармағында ата-аналардың балаларды өз нанымдарына сәйкес тәрбиелеуіне мемлекеттің араласпайтынын айтылған норма да ескерту ретінде: «Мұндай тәрбиелеу баланың өмірі мен денсаулығына қатер төндірген, оның құқықтарына қысым жасаған және жауапкершілігін шектеген, сондай-ақ, ҚР Конституциялық құрылысына, егемендігіне және аумақтық тұтастығына қарсы бағытталған жағдайларды қоспағанда» деген қағидаттың тұрғанын да естен шығармау қажет. Бұл жерде де араласпау әрекетінің заңдық шектері айқын көрсетілген. Сонымен қатар, ата-аналар ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 70-бабына сәйкес, баласының міндетті орта білім алуын қамтамасыз етуге міндетті екенін және ҚР «Білім туралы» Заңының 49-бабының нормалары бойынша білім беру ұйымының жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға, балалардың оқу орнындағы сабаққа баруын қамтамасыз етуге міндетті екендіктерін ұмытпауға тиіс. Қорыта айтқанда, заң қағидалары азаматтарға ар-ождан және діни сенім бостандығын берумен қатар, мемлекет алдындағы міндеттер мен жауапкершіліктерді қоса жүктейтінін есте тұтқан абзал.

**Ш.Елеға,
аудандық Жастар ресурстық орталығының директоры.**

Бүгін адам мен қоғамның рухани өмірінің негізін құрайтын психологиялық және әлеуметтік тіршілікке маңызды ықпал ететін дінді ең басты феномен ретінде қабылдау шарт. Ал егер дінді қажетсіз немесе қолдан жасалған нәрсе сияқты қабылдау, дінің ақиқат екендігін жою алмайды. Оны басқа емес, кешегі кеңестік атеистік идеологияны бастан өткізген біздің қоғам жақсы түсінеді. Дін туралы кешегі теориялар, бүгінгі қоғамдық өзгерістерге жауап бере алмайды. Сондықтан, дінді жеке феномен ретінде, мемлекеттілік тұрғыдан да, мәдениетіміз тұрғысынан да қабылдағанымыз жөн.

Кезінде ғылымды дін ретінде дәріптеген позитивизмнің дамуы арқылы адамзаттың болашақта дінге қажеттілігі қалмайды деген

ауыспалы мағынада «керен», «мылқау», «соқыр» қатарына қояды. Бірақ, Құран құдайлық таным объектісі болса да, оның оқылуы, түсіндірілуі арқылы күнделікті өмірге қолданылуы адамға тән сипат, қасиет.

Бүгін кешегі мұсылман ойшылдарының ғасырлар бойы қолданған методологиялық дәстүрлерінің көмегімен (оларды жоққа шығармай, уахабизм сияқты) құқық, экономика, саясат, философия, психология, социология, тарих, дін және жаратылыстану ғылымдарын да қамтып, адамзаттық қорды иеленіп, бүгінгі заман талабына сай сүзіп, қайта түсініп, түсіндіруді, өмірге қолдануды қажет етеді. Сонда ғана ислам әлемге нұр болып көрінеді. Бүгінгі күні ислам террорист,

Дін және саясат: өзгерудің жаңа тенденциялары

көзқарасы, бүгінгі білім мен технологияның шапшаңдығына ілесіп алмай қалды. Ғылым дамыған сайын дінге деген сұраныс та жоғарылай түсті. Рас, бүгін дәуіріміз ғылым, ақпарат, білім мен техника арқылы жана өркениеттік талаптар алдында өзгеруге мәжбүр. Уақыт, әлем өзгеріп жатыр. Адам да осы өзгерістермен үндесуге тырысуда. Индустриализация, урбанизация, білім беру, ақпараттық технология сияқты бірнеше үдерістердің динамикасына шыдай алмай, жаңа формаларға азығып, психологиялық және әлеуметтік тіршіліктің орталығындағы дін құбылысының да мұндай өзгерістерге үндеспеуі мүмкін емес. Бір жағынан қоғамды ықпалында ұстап, өмірдің көптеген саласында көрініс беріп отырған материалды, рухани тенсіздіктер, лаңкестік, зорлық, моральдық азғындық, стресс, рухани ауытқулар, адамды дінге, руханиятқа бет бұруына әсер етуші басты фактор ретінде сезіндіре түсуде. Сондықтан адам мен дін және қоғам қатынасынан алып қарағанда өмірдің барлық қырын тұтастыққа, бірлікке шақыратын, тепе-теңдіктерді қамтамасыз ететін, кез келген қоғамдық дамулар мен өзгерістерге жол ашатын мәндегі дін исламның дұрыс ұғынылуы, танылуы өте маңызды болып отыр.

Қазір қоғамда діни танымға қатысты субъективті, идеологиялық тенденциялардың басымдығы негізінде пайдасыз пікірталастар, жамағатқа бөлінушілік, мұсылмандардың ішкі қуатын, әрекетшіл қабілеттерін сарқып, олардың әлемге ашылуына, бүгінгі заман талабына сай болуларына кедергі жасап келеді. Сондықтан, әлемді тұтас қарастыратын, адамға ең ұлы мәртебе беріп, жүйелі, аян, ақыл сезім, ішкі таным ерекшеліктерін ескеріп, әрқайсысын өз орны мен ақиқатын нақтылап көрсеткен Ислам діни жанадан қайта тұжырымдалып, тіршілік көзі ретінде адамзатқа қайта ұсынылуы тиіс деп ойлаймыз. Себебі, Құран – негізгі құдайлық таным, адамдарды танымға, бақытқа жетелуші ретінде түскен, ешқандай жалғандық жетпейтін, табиғат пен ақиқатқа сай, мәнінде ешқандай қайшылық жоқ ең соңғы кітап. Құран – Ислам дінінің және онымен байланысты ойлау жүйеміздің негізгі дереккөзі, қайнар бұлағы. Бірақ адам шектеулі болмыс. Оның ұғыну, тану қабілеті де, танымға жету құралдары (көру, есту сияқты) да шектеулі. Сонымен қатар, адам бірнеше әсер етуші факторлардың ықпалында қалып отыр. Құдайлық таным объектісі – Құран, ал Құранда пайғамбардың уахи (аян) негізінде түсіндіріп, мазмұнын нақтылап кеткен ұғымдардан басқа көптеген ұғымдар мағына жағынан кенейіп немесе өзгеріске ұшырауын діни тәжірибе тарихынан көріп отырмыз. Себебі, ислам ғылымындағы тафсирдің саны, тафсир мектебінің көптігі бұған дәлел бола алады. Құран адамды өзін, өмірді, әлемді мұқият зерттеуге, өмірдің, болмыстың мәнін ойлауға шақырады. Ал ойсыз, әуейілерді, нәпсіқұмар, білімге емес жалған хабарға берілген, надандар ретінде танытып, оларды

соғысшыл, ұрдажық, «қауға сақалды», «қысқа балақты» тип қалыптастыратын дін ретінде танылып, құбыжық күйге түсіп отыр.

Кеше, ұлы мұсылман ойшылдары ислам уахи (аян) рухына сай ескі грек мұрасын алып, білім мен философияны әрі қарай дамытып, адамзаттың жалпы мирасы ретінде Батыс әлеміне ұсынды. Соның негізінде батыста реформаларға, ренессанстерге жол ашылды.

Мысалы, орта ғасырларда ислам әлемі Құранға негізделген ойлау жүйесі, дүниетанымдық көзқарастың философиясы қалыптаспай тұрып, әрбір салада бой көрсеткен өзгерістер мен дамулардың ықпалымен бай мәдени трансформациясын басынан өткерді. Әртүрлі мәдениеттердің ықпалы мен философиялық, дүниетанымдық қысымына тап болды. Ислам тарихында осы уақытта саяси тұрақсыздықтар негізінде бірнеше мемлекеттерге бөлінді. Бірақ аз уақыт ішінде, жоғарыдағы ағымдардың ұстанымдық, идеялық бағыттары зерделеніп, құрамдық тұғыр негізінде ренессанстық түлеуге қол жеткізді. Мысалы, Матуридидің (944), Фазалидің (1111), Разидің (1208), Фарабидің (950), Ибн Рушдтың (1199) және басқа да ислам ойшылдарының өсіп жетілуіне жоғарыдағы қажеттілік пен қысым, философиялық мол мұралардың ықпалы жоғары болды. Олар сол бөтен ұстанымдар мен методологиялық негіздерді Құран тұғыры арқылы сүзіп, үйлесімділікке, бірлікке ұмтылды.

Бүгінгі таңдағы қоғамда болып жатқан дінге қатысты мәселелердің саяси сипат алуы алаңдаушылық тудырып отырғандығын жасыруға болмас. Жалпы дін феномені мемлекеттілік тарихында ерекше орын алғандықтан, бүгін республикалық жүйедегі зайырлылық ұстанымының рөлі айрықша. Тарихта саяси маңызға ие діни үдерістер болған. Сол сияқты саяси үдерістердің де діни мәнде өзін көрсететін тұстары жоқ емес. Міне, осы байланысты үзу үшін әбден шіркеудің езгісімен, көктегі құдаймен үркітіп үкім беріп елді басқарған Батыс әлемінде лаицизм, секуляризм ұстанымдарына қол жеткізу үшін талай тер төгіліп, қан аққаны тарихтан мәлім. Зайырлылық ұстанымын орнықтыру үшін христиан тарихынан бастауға тура келеді. Себебі, «демократия» «республика», «лаицизм» ұғымдары сол елдің ойлау тарихы мен тәжірибесінен алынған. Діни сюзжеттерді, идеяларды, ұрандарды саяси мазмұнмен толтыру, саяси іс-әрекеттерді де діни негізде бағыттап қою өзара тең құбылыс. Ал енді осы діни және саяси үдерістердің тоқайласуы көбіне қасиетті соғыс, крест жорықтары кезінде көрініс берді десек қателеспейміз. Бірақ, исламда діни және дүниаяуи істер екі бөлек болса да, негізінен саясат та, дін де өзара тығыз байланысты.

**Е.Қапас,
Ақтоғай аудандық орталық мешіттің бас имамы.**

Қылмыстық істер бойынша медиацияны қолдану мүмкіндігі бар

Медиация (ағылш. Mediation – делдалдық) өзінің мәні бойынша үшінші мүдделі емес тараптың қақтығыс немесе даулы жағдайда келісім іздеуде екі немесе одан да көп басқа адамдарға жәрдемдесуін білдіреді.

Медиация ХХ ғасырдың екінші жартысында пайда болды. Оның пайда болған жерін бірден бірнеше ел деп атауға болады – англо-саксондық заң жүйесімен біріктірілген АҚШ, Австралия және Ұлыбритания. Кейінірек қақтығыстарды шешудің бұл әдісі Еуропада да кең таралды және қазіргі уақытта ол Жапонияда, Қытайда, Кореяда және басқа да көптеген елдерде белсенді қолданылады. Бүгінгі таңда медиация Қазақстанда да белсенді дамып келеді.

Медиация – бұл «өзара түсіністікке қол жеткізу және жанжалды жағдайды шешетін шарт жасау мақсатында бейтарап тұлға – медиаторды тарта отырып, ерікті келіссөздерге кіру жолымен жанжалдасушы тараптарды татуластыру рәсімі».

2011 жылғы 28 қаңтарда ел Президенті «Медиация туралы» ҚР Заңына қол қойды. Осы заңның қабылдануымен елімізде медиаторлардың қатысуымен дауларды реттеудің баламалы тәсілдерін дамыту үшін құқықтық жағдайлар жасалды.

Қылмыстық процеске медиатордың қатысуы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 64, 71 және 85-баптарымен реттелген.

ҚР Қылмыстық-процестік кодексімен медиаторға қылмыстық процеске мынадай құқықтар берілген:

- 1) Медиация тараптарына қылмыстық процесі жүргізетін орган беретін ақпаратпен танысуға;
- 2) медиация тараптары болып табылатын қылмыстық процеске қатысушылар туралы деректермен танысуға;
- 3) қылмыстық-процестік заңға сәйкес, кездесулердің саны мен ұзақтығын шектемей, медиация тараптары болып табылатын

қылмыстық процеске қатысушылармен онша және құпия кездесуге;

4) тараптарға медиация тәртібімен татуласуға қол жеткізу туралы келісім жасасуға жәрдемдесуге құқылы.

Және келесі міндеттер жүктелген:

- 1) Медиация жүргізген кезінде медиация тараптарының келісуімен ғана әрекет жасауға;
- 2) медиация басталғанға дейін медиация тараптарына оның мақсаттарын, сондай-ақ олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;
- 3) медиация рәсімін өткізуге байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

Медиатор тараптардың келісімімен медиация рәсімін қылмыстық құқық бұзушылық туралы өтініш пен хабарлама тіркелген кезден бастап және қылмыстық процесінің кейінгі кезеңдерінде үкім заңды күшіне енгенге дейін жүзеге асыруға құқылы.

ҚР «Медиация туралы» Заңына сәйкес, медиацияны қолдану аясы жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардағы, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық іс жүргізу барысында қаралатын даулар мен жанжалдарды айқындады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 68-бабының 1-бөлігіне сәйкес, қылмыстық теріс қылық немесе қазаға ұшыратумен байланысты емес, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам, егер ол жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қылмыстық жауаптылықтан босатылуға жатады.

Сонымен қатар, аталған баптың 2-бөлігінде жекелеген азаматтарға (қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес ауыр

қылмысты алғаш рет жасаған көмелетке толмағандарға, жүкті әйелдерге, жас балалары бар әйелдерге, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектерге, елу сегіз жастағы және ол жастан асқан әйелдерге, алпыс үш жастағы және ол жастан асқан еркектерге) қатысты ауыр қылмыстар түрлері бойынша да медиативтік рәсімдер жасау мүмкіндігі көзделген. Жоғарыда аталған адамдар, егер олар жәбірленушімен, арыз берушімен татуласса, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірілген зиянды қалпына келтірсе, қазаға ұшыратумен немесе адамның денсаулығына ауыр зиян келтірумен байланысты емес қылмыстар жасаған болса, қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Ақтоғай аудандық сотында медиативтік келісімдер жасасумен тоқтатылған қылмыстық істердің саны жыл сайын артып келеді. Мысалы, ағымдағы жылы Ақтоғай аудандық сотында ҚР Қылмыстық кодексінің 188-бабының 1-бөлігімен айыпталып сотқа берілген Т-ға және Г-ға қатысты екі қылмыстық іс қаралды. Сотта екеуінің де бөтеннің мүлкін жасырын жымқырғандары, яғни Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 188-бабының 1-бөлігімен қамтылған меншікке қарсы қылмыс жасағандары толық дәлелденді, бірақ сотталушылардың жәбірленушілермен медиация тәртібімен татуласып, келтірілген зиянды өтеулеріне және өзара бітімгершілікке келулеріне байланысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 68-бабының 1-бөлігіне сәйкес, сотталушылар қылмыстық жауапкершіліктен босатылды, оларға қатысты қылмыстық істер тоқтатылды.

Медиацияны жүргізу тараптардың медиация туралы шарт жасасқан күнінен басталады. Шарт жазбаша нысанда жасалады. Шартта: шарттың жасалған күні, уақыты және орны; дау (жанжал) тараптарының атауы, өкілеттіктерін көрсете

отырып, олардың өкілдерінің тегі мен аты-жөні, лауазымы; даудың (жанжалдың) мәні; медиация тараптары таңдаған медиатор туралы мәліметтер; медиацияны жүргізуге байланысты шығыстардың шарттары; тәртібі мен мөлшері, ал медиацияны кәсіби негізде жүзеге асырған жағдайда медиаторға сыйақы төлеу, медиацияны жүргізу тілі; медиацияны жүргізудің құпиялылығы туралы тараптардың міндеттемесі және осындай міндеттемені орындамаудың салдары; медиация тараптарының дауын (жанжалын) реттеуге қатысатын медиатордың медиация тараптары үшін залалдарға (нұқсанға) әкеп соққан әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін жауаптылығының негіздері мен көлемі; тараптардың деректемелері; медиацияны жүргізу мерзімі мен тәртібі көрсетіледі.

ҚР «Медиация туралы» Заңының 27-бабына сәйкес, қылмыстық процесс барысында медиацияны жүргізу кезінде тараптар қол жеткізген, дауды (жанжалды) реттеу туралы келісім жәбірленушіге келтірілген зиянның орнын толтыру және қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды жәбірленушімен татуластыру арқылы дауды (жанжалды) реттеу туралы келісімді білдіреді.

Көрсетілген келісім жазбаша нысанда жасалады және іс жүргізуінде қылмыстық іс жатқан қылмыстық процесі жүргізетін органға дереу жіберіледі және қылмыстық-процестік заңнамада көзделген жағдайларда қылмыстық қудалауды жүзеге асырмауға мүмкіндік беретін мән-жайлар болып табылады.

Адамды қылмыстық жауаптылықтан босату туралы шешімді іс жүргізуінде қылмыстық іс жатқан қылмыстық процесі жүргізетін орган, сот қабылдайды.

Е.Боранбаев,
Ақтоғай аудандық
сотының төрағасы.

Қазақстан-2050: денсаулық стандарты

Шағын футболдан жарыс өтті

Спорт – денсаулық кепілі. Спорттың адам өмірінде алатын орны зор екендігін бәріміз білеміз. Спортпен айналысқан адамның денсаулығы мықты, өзі шыдамды болады. Біздің ата-бабаларымыз «Тәні саудың – жаны сау» деп бекер айтпаған. Ел басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жолдаған кезекті бір Жолдауында халықты салауатты өмір салтына ынталандыруды басым бағыттың бірі ретінде атап көрсетті. Бүгінгі таңда елімізде үлкен ағалардан кішкентай балаларға дейін дене тәрбиесіне ерекше мән беруде.

Жуырда Қызыларай ауылында шағын футболдан ауылшілік турнир өтті. Бұл жарыстың өтуіне 2001 жылы туған ауыл жастары мұрындық болды. Бұл жарыста ауылдық округтердің азаматтары футбол алаңында бақтарын сынады. Байрақты бөсекеде бабы мен бағы қатар келіскен жалпы 8 команда қатысып, өзара сынға



түсті. Жеңісті оңайлықпен бермейтін командалар бір-бірінен қалыспай, әсерлі ойын көрсете алды. Жарыс

нәтижесі бойынша ауылдың 2006 жылы туған жастарынан құралған команда үшінші орынды еншіледі. Ал, «Алғабас» командасы

екінші орынды иеленсе, «Барыс» командасы бірінші орынды жеңіп алды. Жарыстың «Үздік ойыншысы» – Мәни Мерей, «Үздік қақпашы» – Сайлау Дамир, «Үздік қорғаушы» Болат Аманат болып танылды.

– Турнирдің мақсаты – оқушыларды дене шынықтыру және спортпен айналысуға, жасөспірім спортшылар арасында достық қарым-қатынасты нығайту, спортшылардың шеберлігін арттыру, келешек спортшыларды анықтау, – дейді іс-шараны ұйымдастырушылар.

Жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері ұйымдастырушылар тарапынан кубок, медаль және қомақты ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Алдағы уақытта жасыл алаңда өткізілетін футбол жарысында жастарымыздың биік тұғырдан көрінуіне сәттілік тілейміз.

Өз тілшімізден.

Құқық заңнамасы

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы

"Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" ҚР қолданыстағы заңына сәйкес, арнаулы мемлекеттік жәрдемақы азаматтардың 20 санатының өкілдеріне тағайындалады. Төлем мөлшері республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленетін айлық есептік көрсеткішке (АЕК) және ең төменгі күнкөріс деңгейіне байланысты болады. Ол арнайы мемлекеттік жәрдемақы алушылар кіретін санаттарға байланысты өзгеруі мүмкін. 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап Әлеуметтік кодекс енгізілгеннен кейін олардың кейбіреулері көбірек ала бастайды. Бұл төлем мүгедектігі бойынша айлық мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшеріне дейін қосымша ақы алушыларды қоспағанда, жасы бойынша немесе еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері тағайындалған мүгедектігі бар адамдарға тағайындалады. Егер жоғарыда аталған азаматтар I және II топтағы мүгедектігі бар адамдарға жататын болса, онда қолданыстағы заңнамаға сәйкес, оларға 1,49 АЕК (2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 5 141 теңге) мөлшерінде арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төленеді. I шілдеден бастап жәрдемақы 1,71 АЕК (5 900 теңге) дейін өседі.

Үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін бұл төлемнің мөлшері қазіргі уақытта 0,64 АЕК (2 208 теңге) құрайды. 2023 жылғы 1 шілдеден бастап жәрдемақы 0,74 АЕК-ке (2 553 теңге) дейін арттырылатын болады.

Арнайы мемлекеттік жәрдемақы саяси қуғын-сүргін құрбандарына және саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен мүгедек немесе зейнеткер адамдарға да тағайындалады. Олар үшін төлем 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 1,07 АЕК (3 692 теңге) құрайды, ал I шілдеден бастап 1,23 АЕК (4 244 теңге) тең болады. Қазақстан Республикасы алдындағы ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдар да осындай сомаға үміткер бола алады.

Айта кету керек, қазіргі уақытта бірінші топтағы мүгедек адамдарға күтім жасайтын азаматтарға 1,40 ең төменгі күнкөріс деңгейі (56 794 теңге) мөлшерінде арнайы мемлекеттік жәрдемақы төленеді. Әлеуметтік кодекс шенберінде азаматтардың бұл санаты арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушылар қатарынан алынып тасталды. Әлеуметтік кодекске сәйкес оларға 2023 жылғы 1 шілдеден бастап, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамды күтуді жүзеге асыратын адамдарға 1,61 ең төменгі күнкөріс деңгейі (65 313 теңге) мөлшерінде мемлекеттік жәрдемақы тағайындалатын болады.

Б.Бейсебекова,
«ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті» РММ-нің бас маманы.

Жарамсыз деп танылсын

Шабанбай би ауылдық округінің тұрғыны, «Жінішке» шаруа қожалығының жетекшісі Шамбеков Жалғасбай Манарбекулы ЖСН 621118350159 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Миника 1102 Ф» маркалы, заводтық нөмірі 1501365, шыққан жылы 2008 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Жидебай ауылдық округінің тұрғыны, дара кәсіпкер К.Омарова ЖСН 580201450420 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Миника 1102 Ф» маркалы, заводтық нөмірі 1559007, шыққан жылы 2010 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Қарабұлақ ауылдық округінің тұрғыны, «Камел» шаруа қожалығының жетекшісі Мубдрахимов Қайыржан Кәмелұлы ЖСН 660608350296 атында Ақтоғай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасында тіркелген «Миника 1102 ФКЗ (версия 02КЗ)» маркалы, заводтық нөмірі 0009117, шыққан жылы 2012 ж. кассалық аппараты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Таза бейсенбі

ТАЗАЛЫҚ – ТАЛ БЕСІКТЕН...

Қазақ қашаннан қоршаған ортаны аялап, табиғатпен үндескен халық. Сондықтан болар, ел ішінде «Бір тал кессең – он тал ек» деген тәмсіл бар. Шынтуайтында, дөңгеленген дүниенің тізгінін ұстаған адам баласы өу бастан табиғатқа тәуелді. Сол себепті де баршамыз экологияның тазалығына үлкен жауапкершілікпен қарап, оның өркендеуіне үлес қосуымыз қажет.



Осындай ұғымды ұстаным еткен сарышағандықтар өз өңірлерінде санитарлық тазалық жұмыстарын қолға алды. Атап айтар болсақ, сол өлкедегі ескі ғимараттардың бөліктерін, қатты қалдықтар мен құрылыстан қалған қоқыстарды жүк көліктерімен арнайы орынға тасымалдап жатыр. Сарышаған кенті өкімінің аппараты мамандарының айтуынша, тазалық жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын табатын болады. Осы орайда атап өту керек, осынау шарапатты шараға «Жасыл ел» сарбаздары да өз үлестерін қосуда.

Өз тілшімізден.

Еске алу



Бір әулеттің абзал жандарын сағына еске алудамыз. Бауырларымыз **Қалнов Құрманғазы мен Сарбаева Рәштің** өмірден өткендеріне бір жылдың жүзі болды. Сұм жалған өткінішілігін білдіріп, арамздан асыл бауырларымызды мәңгілік тұрағына алып кетті. Алланың ісіне не шара?!

Ғұмырлары шолақ болып, өмірден мезгілсіз өткендері жанымызды жаныштап, ортамызды ойсыратты. Сынаптай сырғыған жыл бауырларымызды арамздан қанша алыстатса да, біз үшін орны толмас асыл жандардың жарқын бейнелері жадымыздан өшер емес. Көрмеген қызығын, жасамаған жасын артындағы ұрпақтарына нәсіп етсін. Жатқан жерлері жайлы, топырақтары торқа болып, қабіріне Алланың нұры жаусын дейміз.


Алла алды өзі берген жандарын,
Тілейміз біз жұмақтан орын болғанын.
Туыс, бауыр, достарынан сұраймыз,
Дұға оқып, естеріне алғанын.
Еске алушылар: Қалновтер әулеті.

Бауырларымыздың жылдық асы 20.07.2023 ж. сағат 13.00-де Ақтоғай ауылындағы «Ақ отау» мейрамханасында өтеді. Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көршілер, жора-жолдастар, әріптестер, көзкөргендерді шақырамыз.

Еске алу

Камал бауырыма арналады

Бауырым-ау, бауырмашыл,
саналым,
Еңбеккер ең таудай болған
талабың.
Жалынды едің шамдай
жанған жанарың,
Арамздан ерте кеттің,
Камалым.
Сен кеткелі арада он жыл
болды,



Сенің қазан біздерге ауыр сын болды.
Бүгін, міне, өзін жайлы еске алып,
Құран оқып, ас беретін күн келді.
Қимастық қой өлең қылып жазғаным,
Саған деген сағыныш қой ізгі өнім.
Қарайлайды мынау менің әкем деп,
Суретінді қайта-қайта қыздарың.
Бауырым-ай, үмітім ең, үмітім,
Қалай бұзам сағыныштың құлыпін?
Өткен қанша естелікті ақтарып,
Өзін жайлы еске аламыз күні-түн.
Қанша уақыт өтсе-дағы жан жылай,
Сені ойласақ көз жасымыз жаңбыр-ай.
Қарауытып аспанымыз осы күн,
Құлазыдық ортамызда тау құлай.
Сен кеткен күн бүгінгі күн ауыр тым,
Сен түсіндің барлық сырын жанымның.
Бөрің де қиын екен өмірде,
Келмес жаққа кеткендігі бауырдың.
Бөрімізге жанашыр ең, асыл ең,
Ізгілікке, адалдыққа ғашық ең.
Сағынышты жеткізе алмай өзіне,
Төгілуде көздің тамшы жасым ең.
Қос қызына мейіріммен қараған,
Камал жаның шуақты еді, балажан.
Сенің нұрлы, шуақ шашқан күн бейіңең,
Ешқашан да ұмытылмас санадан.
Камалым-ай, түсінетін жанымды,
Айтпай ұғар тілегімді, халімді.
Туғандарың, жақындарың, қыздарың,
Асыл жарың, әжең қатты сағынды.
Камалым-ай, өзінді ойлап әр ақ таң,
Саған деген бір жылдық оятқан.
Жан бауырым, жұмақ болсын мекенің,
Бір өзіне жар болсыншы Жаратқан.

Еске алушылар: бауырлары.

Еске алу



Ақтоғай ауданы, Жидебай ауылының тумасы, Балқаш қаласының тұрғыны, руы – Тобықты-Қалдау-Жұмағұл-Шақа **Мұқантегі Жандос Дінғабылұлының** өмірден өткеніне бір жыл болды.

Ажал айтып келмейді, арамзда ойнап-күліп, жарқырап жүрген баламыздан қапылыста айырылып қалдық. Қара жер түгілі, қатты сөзге қимайтын ардақтымызға қол жайып, дұға бағыштаудан басқа амалымыз бар ма?! Құлыным, жарқын бейнеңді еске ала отырып, жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын дейміз.

Қош, құлыным, өмір енді мәңгілік,
Ұрпағыңа келе берсін күн күліп.
Жанарға мұң, жүрекке қайғы толып,
Жоқ екен бұл өмірде тұрақтылық.
Асыл бейнең, жарқын жүзің сақталып,
Жүрегімізде жүреді өркез жоқталып.

Еске алушылар: ата-анасы – Дінғабыл-Сәулә, жолдасы, балалары, бауырлары.

Баламыздың жылдық асы Балқаш қаласының «Акерке» тойханасында 2023 жылдың шілде айының 21-і күні сағат 12.00-де беріледі. Асқа ағайын-туыс, құда-жекжат, жора-жолдастарын шақырамыз.

Боз кілем бәсекесі өтті

«Салауатты өмір салты – ұлт денсаулығын қалыптастырудың негізгі жолы. Сондықтан, Жолдауда айтқанымдай, жаппай және балалар спортына баса көңіл бөлген жөн. Тағы қайталаймын. Бұл – стратегиялық маңызы зор міндет. Менің тапсырысыммен үкімет, жаппай және балалар спортын қаржыландыру тәсілін өзгертті. Бұл іс үлкен ресурспен қамтамасыз етіледі. Ал, Парламент депутаттары аталған шаруаның орындалуын мұқият қадағалауы тиіс» – деген еді ел Президенті Қ.Тоқаев.

Бүгінгі таңда елімізде спорт саласының деңгейі көршілес сырт мемлекеттермен салыстырғанда анағұрлым жоғары. Оған барша елдің назарын тегіс өзіне бұрған, әлемдік додаларда жүлделі орындардан көрініп жүрген спортшыларымыз дәлел болмақ.

Ел ішінде спорттың бұқаралығын арттыру үшін алуан түрлі ілкімді істер жүзеге асып келеді. Өзге өңірлерді былай қойып, өзіміздің ауданды сөз қылатын болсақ, аудан жастарын салауатты өмір салтын ұстануға баулу үшін ауыл-ауылдың барлығында шағын футбол алаңдары, дене шынықтыруға қажетті спорттық құрылғылар орнатылып жатыр. Тиісінше, соған сөйкес нәтиже де жаман емес.

Оны ел ішінде өтіп жүрген түрлі спорттық сайыстардан көріп жүрміз.

Жуырда тағы бір дүбірлі доданың куәсі болдық. Ақтоғай ауылының тумасы К.Смағұлов атындағы қазақ күресінен аудандық ашық біріншілік өтті. Аталмыш бәсекеге ауданымыздың түпкір-түпкірінен келген, төл спорттан таласы бар балуандар қатысты. Спортшылар үш салмақ дәрежесі бойынша өз бақтарын сыңға салды. Күн арқан бойы көтерілген шақта басталған боз кілем бәсекесі ұзақты күнге созылды. Бірін-бірі алып та, шалып та жыққан балуандар арасындағы сайыс тартымды да тартысты өтті.

Сонымен, 60 келі салмақ дәрежесінде бабы мен бағы келіскен I орынды Н.Тұтқышев иеленді. Ал, А.Қозы II орынға табан тіресе, Д.Әбілқас III орынды қанағат тұтты. Сондай-ақ, 70 келі салмақ дәрежесінде I орынды Б.Сатыбалдин, II орынды М.Исин алса, Е.Еренғайыпов жарыстың III орын иегері атаңды. Ал, жоғары салмақ дәрежесіндегі белдесуде А.Ғалымов жеңімпаз атанса, А.Оралов күміс жүлдегер, Д.Нықаш қола жүлдегер атанды.

Е.АЙТЖАН.



Түлектердің тартуы

Туған топырақты қастерлеу – қазақ халқының ата-бабадан жалғасқан салты. «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» деген дана халқымыз. Осы қағиданы ұстанған әр адам атамекен, алтын бесігін естен шығармай, оған өзін мәңгілік қарыздармын деп есептейтіні ақиқат. «Туған жер» бағдарламасы осыған үндейді. Осы орайда, туған өлкеміздің өркендеуіне өздігінен үлес қосып жүрген кәсіпкерлер мен ауылының дамуына үлес қосуды міндеті санайтын азаматтардың тындырымды тірлігі көңілді қуантады. Ақтоғай ауданында ұрпақ сабақтастығының көрінісі мектеп бітіргендеріне

10 жыл, 20 жыл, 30 жыл толған түлектер кездесіп, өздерінің сый-құрметтерін туған жеріне көрсету дәстүрге айналған.



Соның бір парасы Ақтоғай ауылының 1986 жылы туған, яғни 2003 жылғы мектеп түлектері Балқаш қаласына шығабәріс Тоқырауын өзені бойына демалу орнын (беседка) салып, ауыл тұрғындарына тарту

етті. Әр жылғы түлектердің бастамасын жалғастырып, ауылдың абаттануына атсалысқан түлектерді

куәгері болған өскен өңіріміз өзімізге алтын бесік. Ауданымыздың одан әрі гүлденуіне атсалысып, алдымызға қойған тарихи міндеттерді жұмыла жүзеге асыру баршамыз үшін – басты парызымыз, - дейді игі іске ұйытқы болғандардың бірі А.Алибаев.

Иә, патриотизм – кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады. «Үдере көшкен уығын сындырады, жұмыла жұмыс істеген – жұмысын тындырады» демекші, түлектердің тартуы – елге жасалған қамқорлық пен жанашырлықтың жарқын көрінісі.

Думан ҚАБЫЛ.

Сенім телефоны

«Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін **8(71037) 2-10-44** нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

Сенім телефоны

Ақтоғай ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінде мемлекеттік қызметкерлердің Әдеп Кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамаларды, сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмысындағы талаптарды бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін **2-16-34** нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

Құттықтаймыз!



Құрметті құдамыз **Қанат Мұсаханұлы!**

Сізді асқаралы 60 жастың асқарына шыққан мерейжасыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Осы қуанышты күні сізге деніңізге саулық, шаңырағыңызға ырыс-байлық, жүрегіңізге мәңгі жастық жалын, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Әрбір өнегелі ісімен үлгі бола білген, сабырлы, ақкөңіл ұзақ жылдар білім саласында аянбай еңбек етіп келген жанға өмірдің өрінде, дастарханның төрінде күліп-ойнап жүре беріңіз дейміз. Үйіңізде баянды бақ, аяулы шақ болсын. Қанатыңыз мұқалмай, тұяғыңыз сүрінбей, дәл осы жігеріңізбен құдағи Бақыт екеуіңіз 100 жасқа келіңіздер!

Тілейміз бақытты өмір, ашық аспан,
Жалғанда тілек бар ма одан асқан.
Аман боп жануаң мен бауырларың,
Жалғансын ақ тандарың нұрын шашқан.

Ақ тілекпен: құда-құдағиыңыз – Жанат-Нәстай, балалары – Ернат-Мадина, Ханкелді.

Құттықтаймыз!

Құрметті де қадірлі, туғантуыс, дос-жаранға жаны ізгі құдамыз **Мұсаханов Қанат!**

Сізді асқаралы 60 жастың биігіне шыққан мерейтойыңызбен құттықтаймыз! Деніңізге саулық, өміріңізге сарқылмас қуаныш, баянды бақыт, отбасыңызға шұғылалы, шуақты шаттық тілейміз. Жанұяның шаттығына, бақыттың бұлағына көнеліп, ұзақ ғұмыр сүріп, арамсызда аман-сау жүре беріңіз.

Сақтап жүрсін қазақ дәстүр-салтыңның Туған жерге 90 жыл деп талпындың. Ат шаптырып, бәйге тігіп, той қылып, Алғысын да арқаладың халқыңның. Таңы арай, күлімдесін көкте күң, Біз білеміз маңдай терді төккенін. Басқарыпсың білім, өмір ошағың, Өнер мен Әлихан атындағы мектебін. Созып өмір жылдарыңның тізбесін, Алпыстан соң сексен, тоқсан, жүз келсін. Алла жар боп, арадағы мыңжылдық, Құдалық пен сыйластықты үзбесін!

Ақ тілекпен: құда-құдағиыңыз – Нұрлан-Бану.

Құттықтаймыз!

Құрметті әріптесіміз **Мұсағұлов Бүркіт Хамзаұлы!**

Сізді адам өмірінің бір белесі, мерейлі 50 жасқа толуыңызбен құттықтаймыз! Жүзіңізден шуақ кетпей, бала-шағаныздың ортасында күліп-ойнап, шаттыққа көнеліп, бақытқа бөленіп, ұзақ жасай беріңіз. Алып мәуелі бәйтеректей жапырақ жайып, өркендей беріңіз. Аспаныңыз ашық, жүзіңіз жарқын, отбасыңыз берекелі, әр күніңіз мерекелі болсын. Ең бастысы, мықты денсаулық тілейміз.

Ашық болсын өмірде мынау жолыңыз,
Ұзақ жасап, жүз жасқа да толыңыз.
Еркелетер немерелер көп болып,
Ортасында ардақты ата болыңыз!

Ізгі тілекпен: интернат ұжымы.



Құттықтаймыз!

Құттықтаймыз!



Құрметті Мұсаханов Қанат Мұсаханұлы!

Сізді адам өмірінің айтулы белесі, асқаралы 60 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз!

60 жас – адамның кемеліне келіп, алдыңғы толқын ағалардың ізін басып, кейінгі толқын иілері құрмет көрсетіп, ілтипат танытатын, ұл-қыз өсіріп, құда-жекжатты болып, немере сүйіп, өрісі кеңейіп, өркені өскен беделді кезеңі.

Бүгінгі күні сіз қырық жылдан астам тарихы бар, ауданымызға қажетті мамандар даярлайтын Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжінде 12 жыл басшы болып, абыройлы қызмет атқарып, жемісті еңбек жасап, ұжымдағы өріптестеріңіздің құрметіне бөленіп келесіз. Өзіңіздің барлық күш-жігеріңіз бен қарым-қабілетіңізді өмірлік мол тәжірибенізге сүйеніп отырып, оқу орнының уақыт көшінін қалмай жұмыс жасауына үлкен жұмыстар атқардыңыз. Жасаған еңбегіңіз бағаланып, үлкен марапаттарға да ие болдыңыз.

Осындай мерейлі жасқа келген сізге тірлікте тұғырыңыздан таймай, әлі де талай асуларды табандылықпен алып, алға қойған мұраттарыңызға сүрінбей жете беріңіз. Асыл жарыңыздың, ұл-қыздарыңыз бен немерелеріңіздің қызығын мольнан көріңіз, алып мөуелі бәйтеректей жапырақ жайып, өркендей беруіңізге тілектеспіз. Мерейіңіз тасып, мәртебеніз биіктей берсін. Жүрек жолыңыз ұзақ, шығар тауыңыз биік, көрер қызығыңыз мол болғай!

Ізгі ниетпен: «Ақтоғай аграрлық-техникалық колледжі» ұжымы.



Құрметті де ардақты әкеміз **Ногаев Жасқайрат Әбілұлын** 60 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз!

Әкемізге жүзіңізден шуақ кетпей, ұл-қыздарыңыздың, туған-туыс, дос-жарандарыңыздың ортасында әрдайым сыйлы болып, күліп-ойнап, шаттыққа көңіліңіз, бақытқа бөленіп, біздің ортамызда ұзақ жасай беріңіз деген ақ тілегімізді білдіреміз. Кісілік пен кішіпейілділік тұла бойыңыздан төгіліп тұрған сіздей ардақты әкемізді әрдайым мақтаншы етеміз.

Жан әке, сіз ғой биік асқарымыз,

Сіз барда шайдай ашық аспанмыз.

Жүп жазбай анамызбен ғұмыр бойы,

Бақ таймай, ұзақ болғай жастарыңыз.

Білеміз өмірінде сан із барын,

Алты балаң маздап жанған жұлдыздарын.

Өзіңді мақтан етер ұлағатты,

Беделді, сыйласын деп ұл-қыздарын.

Ақ тілекпен: жары – Раушан, балалары – Алматы-Әсел, Ескелді-Әсем, Әсет-Айдана, Біржан, Темірлан-Балжан, Данияр-Ұлпан және немере-жандері.

Құрметті де қадірлі досымыз

Сәтбекова Мейіргүл

Төкенқызы!

Сені асқаралы 60 жасқа толған мерейтойыңмен шын жүректен құттықтаймыз! Деніңе саулық, отбасына амандық, қажымас қайрат, жемісті еңбек тілейміз. Өмірдің биігі, елулі белес, айтулы асуға жеткен мерейтойың мерекемен астасып, қуаныш-қызықпен көмкеріліп, ортаңда зор бақыт, арайлы сезімдерге бөленіп, ұзақ өмір сүре бер. Ағайын-туыстың құрметіне, балаларыңның жеңісті шақтарын көрген шаттықтың бақытты сәттеріне ие болып, әдемі ғұмыр кешуіне тілектеспіз. Асқақ арман, асыл мұраттарың орындалып, өмірдің шуағына бөлене беруді Алла нәсіп етсін. Ақ тілекті ақтарамыз жүректен, Қуаныштан көңіл шіркін дір еткен. 60 жасың құтты болсын бүгінгі, Өзіңізге арналады тілектер.

Құттықтаушылар: Қайрат-Раушан, Болат-Күміс, Коля-Зәмзағұл, Асқар-Гүлнар, Болат-Бақша, Төлеу, Дана, Мейрамгүл.



Қадірменді сыныптасымыз

Қанат Мұсаханұлы!

Сізді 60 жасқа толған торқалы тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Ағалық ардақты асудан асып, ақсақалдық мерейлі кезеңге көтерілер бұл шақтың талтүс аталуы бекер емес. Міне, аман-есен алтыншы асқардың шыңына қол созып отырсың. Мерейтойыңды отбасыңның алтын қазығы болған жан-жарың Бақытпен бірге бала-шағаның шаттыққа толы ортасында қарсы алып, өсіп-өнген, ұрпақ тәрбиелеген, құда-құдағиларың мен дос-жарандарыңның ыстық ықыласына бөленген өзіне тек жақсылықтар, қуаныштар мен бақытты ғұмыр тілейміз.

60 жас – мерейтойың құтты болсын,

Дос-жаранмен әрқашан орта толсын.

70, 80, 90 мен 100-ге жетіп,

Басыңызға Қызырдың бағы қонсын.

Ақ ниетпен: сыныптастары – Иса-Ләззат,

Марат-Қарлығаш, Мәкәрім-Кәмел,

Сағат-Бақытгүл, Ілияс-Бақыт, Ералы-Нұрбала,

Қанат-Алмагүл.

Құрметті оқырман!

«Ақтоғай ажары» газетін сайттан да оқыңыз!

<https://aqtogaiajary.kz/>

Жаңалықтан құр қалмаңыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны, ардақты досымыз **Ногаев Жасқайрат Әбілұлын** 60 жасқа толуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Өмір атты айдында айтулы белесті бағындырып отырған мерейтой иесіне мықты денсаулық, ұзақ та баянды ғұмыр, бақыт пен шаттық, биік мәртебе тілейміз. Әрбір күнің қуаныш пен қызыққа толы болып, асқақ армандарың орындалып, жүзінде әрдайым нұр ойнасын. Барлық жақсылықты жолдасың Раушанмен бірге Алла берген ұрпақтарың мен туған-туыстарыңның ортасында күліп-ойнап көре беруіне тілектеспіз.

Құтты болсын мерейтой – 60 жасың,

Әр уақытта домалап өрге тасың.

Қосағыңмен қоса ағарып, шөбере сүй,

Ешқашанда көңіліңді кір шалмасың.

Ізгі тілекпен: Болат-Күміс, Коля-Зәмзағұл, Асқар-Гүлнар, Болат-Бақша, Төлеу, Дана, Мейрамгүл,

Мейіргүл, Маржан.



Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті асқар тау әке, аяулы жар **Мұсаханов Қанат Мұсаханұлы!**

Сізді асқаралы 60 жасқа толған мерейлі қуанышыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Елулі белес, айтулы асуға жеткен мерекемен астасып, қуаныш-қызықпен көмкеріліп, ортаңызда зор бақыт, арайлы сезімдерге бөленіп, отбасымызда анамызбен бірге аман-есен, ұзақ өмір сүре беріңіз. Өмір жолыңызда сізге мықты денсаулық, жемісті еңбек, шалқыған шаттық тілейміз. Әрдайым жақсы күндеріңіз көп болып, немере-жандеріңіздің қызығы мен туған-туыс, дос-жарандарыңыздың ыстық ықыласына бөлене беруіңізге тілектеспіз. Асқақ арман, асыл мұраттарыңыз орындалып, бақыт пен баяндылықтың шапағатын көре беруді Алла нәсіп етсін.

Асыл әке, ардағы ұл-қызының,

Берін болжап жүретін алдағының.

Қамқорымыз сіз келіп 60 жасқа,

Қуанып отырсыз ғой бізді бүтін.

Ізгі ниетпен: балалары – Нұрәділ-Динара, Нұрболат-Шынар, Ернат-Мадина, немерелері – Ясмин, Зере, Хадиша, Ханкелді, Рамазан.

Құрметті бауырымыз

Мұсаханов Қанат!

Туған күніңмен! Өмірдің бар жақсылығын тілейміз. Ауырма, сырқама! Алла тағала бойыңа күш-қуат, көңіліңе шуақ берсін! Алар асуың мен шығар биігің көп болсын! Арамыздағы сыйластық ажырамасын! Әрқашан мәртебең биік болып, абыройың арта берсін!

Өмір жыры таусылмасын мәңгілік,

Тұрсын алдан арайланып таң күліп.

Бақыт болсын әрқашанда жолығар,

Шаттығың тау суындай мольғар.

Тілеймін бақытты өмір, ашық аспан,

Жалғанда тілек бар ма одан асқан.

Аман боп жанұяң мен бауырларың,

Жалғансын ақ тандарың нұрын шашқан!

Тілек тілеуші: ана-жездесі – Самат-Қарлығаш, жандері – Гүлнұр, Айнұр-Ақнұр, Аян-Бота, Думан-Айнура, Данияр, Ақерке және Айару.



Құрметті құдамыз **Қанат Мұсаханұлын** мерейлі

60 жасқа толған туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Осы өмір жолыңызда қажырлы да қайратты еңбегіңіздің арқасында халықтың сый-құрметіне бөленіп, құдағи Бақыт екеуіңіз бала-шаға өсіріп, ұрпақтарыңыз өркендеп, ағайын-туыс, құда-жекжат, замандастар мен құрдастар арасында лайықты орын алып келе жатқандығыңыз, әрине, толайым бір бақыт. Өміріңіз көктемдей көрікті, жаздай жадыраңқы, күздей көріктенген сары даламыздың құшағы кең белесіндегі өрістей беріңіз. Әр атқан таң қуаныш пен жақсылыққа толы болсын!

Асқар таудай биік болсын тұғырыңыз,

Жетсінші жүректерге жыр үніміз.

Бар бақыттың еңбегімен өрнектеген,

Құда, сіздің ұзақ болсын ғұмырыңыз.

Ізгі ниетпен: Мірәсіл әулеті.



Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.Елеусизова

Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті

редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан

Республикасы ақпарат және даму Министрлігі

2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан

Газет редакцияның компьютер

орталығында қатталып, Қарағанды

қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де

басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі

газеттің көзқарасын білдірмейді.

Таралымы 1200 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай

ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81,

тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39

Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.